



# TENGEMONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//8 ҚАРАША 2018 ЖЫЛ

## ТУҒАН ЖЕР

# Соңғы 30 жылда Ембі қандай өзгерістерді басынан кешті?!

Ембінің жоғын жоқтап, барын түгендеу маған әрі оңай, әрі қиын. Оңай дейтінім – өзім осы қаладан шыққан соң, оның «эттеген-айының» бәрін дерлік білемін. Ол жақтан кеткенім талай жыл болса да және қайда жүрсем де, онда нендей жағдай болып жатқанын жіті қадағалап отыруға тырысамын. Ал қиын болатыны уақытында оның бүкіл проблемаларын көріп, ашысын татып өстім.

Қалай дегенде де, мен соңғы отыз шақты жылдың ішінде осы қала мен оның халқының тұрмыстық жай-күйіне арналған мақалаларды қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет жария еттім. Олардың алғашқысы сонау 1980-інші жылдардың екінші жартысында жарық көрген, ал кейінгілері 2002-2005 жылдары жарияланған. Әрбір мақаланы жазып, шығарған сайын «енді ондай жағдай аз да болса оянса» деп үміттенесін. Бірақ кейінгі кезге дейін үмітім ақталмай жүрді. Сондағы айтамын не? Енді осыған тоқтайлың.

### КЕЗІНДЕ ОНЫҢ ҮЛКЕН ҚАЛАҒА АЙНАЛУЫНА НЕ ТЕЖЕУ БОЛДЫ?

Осыдан тура 30 жыл бұрын журналистік іссапармен Ембі қаласына барып, ондағы әлеуметтік мәселелер жағдайы туралы үлкен мақала дайындап, баспасөз бетінде («Ембіні елеп, ескерсек...», «Арай» журналы, №7, шілде, 1988 ж.) жария еткенмін. Онда мынадай сөздер болған: «Жирма жыл бұрын (яғни 1960-ыншы жылдардың аяғына таман – авт.) бұл теміржолға екі қанталайын жармастыра салған жағдайы ғана станция еді... Өзгермейтін не бар – бұнда бараушы гео-



логтар келіп жайғаса бастады. Үш бірдей экспедиция. Олар Ембінің солтүстік-шығысынан өз поселкелерін салды. Ембі Ақтөбе облысының Мұғаджар (қазіргі Мұғалжар – авт.) ауданы орталығына айналды да, қала атағын алды... Геологтар кен іздеді. Ал жергілікті жұрт осы тұста ірі-ірі кеніштер, таза су көздерінің ашылып, соның арқасында Ембінің дамыған өндірісі бар, үлкен қалаға айналатынына шексіз сенімді еді... Содан бері өзгеріс көп. Бірақ сонау алымыншы-жетпісінші жылдары Ембі тұрғындары

қиялдағандай сәні мен сәулеті бар қаланы көре алмадым. Ембінің баяғы проблемалары шешілу орнына бұрынғыдан да көбейіп кеткенге ұқсайды». Сол жолы Ембінің бар мүмкіндігі болғанына қарамастан, дұрыс қалаға айнала алмағанынан менің көңілім қалған. Оның кезінде ашық айтуға болмайтын бір себебі бар-тұғын. Менің аталмыш мақалам «Арай» журналында жарық көрген соң, редакцияда ЛИТО (кенестік кезінде баспасөз цензурасын бұрғызген мекеме) қызметкерлері келіп, маған:

«Ембі тұрғындарының саны шамамен он бес мың болады» деген мәліметті келтірмеуіңіз керек еді. Өйткені бұндай ақпарат әскери құпия қатарына жатады», – деп ескерту жасады. Бұның себебі осы қаланың тап жанында Ембі-5 әскери қалашығының және содан сәл әріде №11 Ембі мемлекеттік сынақ полигонының орналасқанында болатын. Кеңес кезінде Ембінің үлкен қалаға және ірі өндірістік орталыққа айналуына осындай фактор тежеу болған сияқты. Төктерін қазір, әрине, ешкім де кесіп айта ал-

майды. Дегенмен, сол заманда осындай жағдайдың болғаны туралы да айта кеткенді жөн көрімі.

### ЖАҢА КЕЗЕН ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ӘКЕЛЕДІ МЕ?

Одан кейін 14 жыл өткен соң, журналистік сапармен тағы осы қалаға келіп, нендей өзгерістердің болғанын көріп, жергілікті адамдардың пікірін тыңдағанда, мен бұрынғым бекер екенім дедім.

> [ 7 ]

### Бет қаталып жатқанда

► **Аққордада өткен** Қауіпсіздік кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев коммуналдық қызметтерге тарифтерді заңсыз өсірген табиғи монополиялар субъектілерін жазаалауды талап етті. Елбасы тексеру барысында энергия беретін компаниялар тарапынан халыққа 14 млрд теңге сомасында шығын келтірілгенінің анықталғанын атап өтті.

► **Қауіпсіздік кеңесінің** отырысында Мемлекет басшысы премьер-министр Бақытжан Сағынтаевқа ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті қызметін тексеруді тапсырды.

► **Елбасы** Қазақстанда электр энергиясы құнан төмендетуді тапсырды. «Мемлекеттік және мемлекеттік емес энергия өндіруші компаниялардың басшыларына қатысты айтып отырмын. Халық өздерінің қаржылары қайда және қандай мақсаттарға жұмсалып жатқанын білуді тиіс. Жұмыстарыңызды нысытқан, әлеуметтік жауапкершілікті сезінгендер, яғни адамдардың сеніміне лайықты болыңдар», – деді Президент Қауіпсіздік кеңесінің отырысында.

► **2019 жылы** «Әір Астана» FlyArystan қолжетімді әуе компаниясын іске қосады. Яғни әуе компаниясы EasyJet, Indigo, Cebu Pacific, Air Asia халықаралық доукостерлерінің үлгісі бойынша арзан тарифпен жұмыс істейтін болады.

► **Түркістанда дамытуға** үкіметтік емес ұйымдар да үлес қосады. Бұл туралы Түркістан қаласында «Алааматтық қоғам және мемлекет: диалог, әріптестік және жауапкершілік» тақырыбында өткен үкіметтік емес ұйымдардың облыстық VIII алааматтық форумында айтылды.

Индекстері			
KASE	2197,52	0.69%	↑
FTSE 100	7124,79	1.19%	↑
DAX	11484,34	0.19%	↑
S&P 500	2755,45	0.63%	↑
Dow Jones	25635,01	0.68%	↑
Nikkei 225	22147,75	2.12%	↑
CAC 40	5075,19	0.03%	↑
SSE Comp	2642,09	1.38%	↑

7 Қараша 2018

Тауарлар			
Мұнай	71.65	-1.46%	↓
Мыс	6219,00	-0.22%	↓
Платина	863,00	-0.35%	↓
Мырыш	2502,50	-3.42%	↓
Никель	11775,00	-2.20%	↓
Алюминий	1971,00	-0.71%	↓
Күміс	14,74	-0.57%	↓
Паладий	1126,00	1.08%	↑

7 Қараша 2018

Валюта нарықтары			
EURKZT	370,85	-0.28%	↓
USDKZT	423,03	-0.06%	↓
USD RUB	65,9211	-0.32%	↓
USD JPN	28,0370	0.00%	
USD BNY	2,1100	-0.49%	↓
EUR USD	1,1486	0.53%	↑
GBP USD	1,3161	0.48%	↑

7 Қараша 2018

## НҰРЛЫ ЖЕР: ТҮРҒЫН ҮЙ

# Инвестициялық белсенділік арты

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында биыл 8,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 77 мыңнан астам отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты. Тұрғын үй құрылысы саласындағы ең ірі инвестор – халықтың өзі болып отыр. Биылғы жылдың үшін тоқсаныншы айында жеке құрылыс салушылар 368 миллиард теңге сома көлемінде тұрғын үйді пайдалануға берді.

### РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Үкімет отырысында «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының биылғы тоғыз айда іске асырылуы туралы баяндаған инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек тұрғын үйді пайдалануға беру көрсеткіші өткен жылғы есепті кезеңмен салыстырғанда 11,6 пайыз жоғары екенін атап өтті. «77 мыңнан астам отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты, оның ішінде 9,5 мыңға жуық отба-

сы мемлекеттік қаржы есебінен салынған баспанаға қол жеткізді. Тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция өткен жылғы кезеңмен салыстырғанда 31,5 пайызға артып, 818,9 млрд теңгені құрады», – делі министр.

Сонымен қатар биыл 12,1 миллион шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Оның ішінде 1,3 миллионы немесе 22 мың пәтер мемлекеттік инвестиция есебінен тапсырылады. «Жалпы биыл мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 148,6 млрд теңге бөлінген. Қаржыландырудың негізгі бөлігі, бұл – 69,4 млрд теңге, құрылыс салынатын аудандарда инженерлік коммуникация тартуға қарастырылған. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға жалға берілетін тұрғын үй салу үшін (сатып алу мүмкіндігінен) 26,9 млрд теңге, «Қазақстан тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ салымшыларын несиелендіруге – 24 млрд

теңге, Астана қаласындағы апатты жағдайдағы үйлерді жою жөніндегі қанатқақты жобаға – 20 млрд теңге көзделген. Ал 7,9 млрд теңге халықтың ипотекасын және жеке құрылысшылардың займдарын субсидиялауға бөлініп отыр», – деп нақтылады Ж.Қасымбек.

Қазіргі уақытта тұрғын үй салынатын аудандарға инженерлік коммуникация тартуға бөлінген қаржының 44,6 миллиард теңгесі аударылып, оның 91,7 пайызы игерілген. 500 шақырым инженерлік желі салынған.

Иә, жыл басынан бергі кезеңде тұрғын үй құрылысы ірі компаниялар үшін де, жеке құрылыс салушылар үшін де тартымдылығы жоғары саланың бірі ретінде көрінді. Биылғы өткен тоғыз айдың қорытындысына қарағанда, салаға жалпы көлемі 819 миллиард теңге соманың инвестициясы салынды.

> [ 4 ]

## ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ



# Еуразиядағы маңызды хаб

Брюссельде еліміздің транзиттік мүмкіндіктері таныстырылды

Еліміздің континенталық көлік-логистика торабы ретіндегі ролін арттыру – Президент Жолдауында белгіленген басым міндеттердің бірі. Осы орайда Жаңа Жібек жолын дамыту және Қазақстан арқылы өтетін көліктік дәліздер бойынша Еуразиялық аймақ елдері ынтымақтастығының перспективалары мен мәселелері Берлинді Еуразиялық клубтың Брюссельде 24-ші отырысында талқыланды.

### БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙКЫЗЫ

12 жыл бұрын Қазақстан Президентінің бастамасымен құрылған форум екіжақты ықпалдастық мәселелерін талқылау үшін беделді ұнатысу алаңына айналды.

> [ 5 ]



# БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

### Цифрлық Қазақстан

## Заманымыздың негізгі үрдісі

Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Астана Хаб» IT-стартаптар халықаралық технологиялық паркінің ресми ашылу рәсіміне қатысты.



Мемлекет басшысы іс-шара басталар алдында қазақстандық стартап-компаниялардың жобаларымен танысып, ғылыми-зерттеу зертханаларын аралап көрді, сондай-ақ IT-университеттің алдағы жұмысы мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу барысы жөніндегі баяндамаларды тыңдады. Сонымен қатар ашылу рәсіміне қатысқан Эстония Премьер-министрі Юри Ратас мыраға және шетелдік қонақтардың барлығына алғыс білдірді.

Қазақстан Президенті еліміз бен қоғамымызды одан әрі дамыту ісінде цифрландыру үдерісінің мәні зор екенін атап өтті. — Заттар интернеті, жасанды интеллект, 3D-баспа технологиялары және блокчейн адамзат өмірінің бүкіл саласына белсенді түрде еніп келеді. Бұл — қазіргі заманның

негізгі үрдісі. Цифрландыру мемлекеттердің дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторларының біріне айналды. Бүгінде әлемнің жетекші елдері, сондай-ақ олардың G-20 және Еуропа одағы сияқты бірлестіктері өздерінің цифрландыру жөніндегі стратегиялық құжаттарын қабылдады. — деді Мемлекет басшысы. Нұрсұлтан Назарбаев еліміздегі цифрландыру бағдарламасының жүзеге асырылу үдерісі мен осы бағытта қол жеткізілген нәтижелерге арнайы тоқталды.

Қазақстан Президенті

«Астана Хаб» IT-стартаптар халықаралық технологиялық паркі қазіргі инновациялық эжокуінің өзегіне айналуда тиіс екенін айтты. Технопарк жұмысына қатысушылар жеңілдетілген виза және еңбек рәжімдерін пайдалана алады, сондай-ақ оларға салық және басқа да жеңілдіктер беріледі. Технопарк базасында тәлімгерлік институты құрылды. Оның аясында сарапшылар стартап-командаларға қамқорлық жасайды.

Сондай-ақ Елбасы IT-технологияларды дамытуға тартылған дарынды жастарды қолдау қажеттігін назар аударды.

### ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Премьер-министр Бакытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының биылғы тоғыз айдағы іске асырылу барысы, бизнес-ортаны одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар, сондай-ақ Астананың азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі жол картасын өзектiлендіру мен іске асыру барысы қаралды.

### БОТАҒӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Инвестициялар және даму министрлігінің мәліметіне қарағанда, осы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы арқасында 8,8 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 11,6%-ке артық. Министр Ж.Қасымбек өз баяндауында 77 мыңнан астам отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартып, оның ішінде 9,5 мыңға жуық отбасы мемлекеттік қаржы есебінен салынған баспанаға қол жеткізгенін атап өтті. Тұрғын үй құрылысына салынған инвестиция өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 31,5%-ке артып, 818,9 млрд теңгеге жеткен. 9 айдың нәтижесі бойынша тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі жағынан Астана, Алматы қалалары мен Маңғыстау облысы көш бастап тұр.

Ағымдағы жылғы мемлекеттік бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджеттен 148,6 млрд теңге қарастырылған. Қаржыландыру жоспарына сәйкес тұрғын үй құрылысы аумағына инженерлік коммуникацияларды жеткізу үшін 44,6 млрд теңге аударылған, оның 40,8 млрд теңгесі немесе 91,7%-і игерілді, 500 км инженерлік жел салынды. Сонымен қатар министр бағдарламаның бөлек бағыттарының қалай жүзеге асып жатқаны жайында есеп берді.

Бейнді министрліктің және бірқатар өкімдердің баяндамаларын тыңдағаннан кейін Б.Сағынтаев мемлекеттік бағдарламаның барлық негізгі бағыттары бойынша өсім байқалатынын айтты. Сонымен қатар Премьер-министр Үкімет мүшелерінің назарын бағдарламаны іске асыруға белсенді қаражатты игеру, құрылыс алаңдарына инженерлік коммуникацияларды жеткізу мәселелеріне аударды. Мысалы, өткен жылғы және жоспарды көрсеткіштермен салыстырғанда бірқатар өнімдерде қаражатты игеру қарқын төмендеген. Осыған орай, облыстардың өкімдеріне тұрғын үйдің жоспарланған көлемін тапсыру және бөлінген қаражатты тиімді игеру үшін қажетті шаралардың барлығын қабылдау тапсырылды.

Екіншіден, кейбір өнімдерде қажетті инфрақұрылым болмағандықтан, дайын тұрған үйлер пайдалануға берілмей отыр. Сондықтан мәселенің шешіміне қатысты бақылауға алып, алдағы екі айда тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етулері тиіс.

Отырыста талқыланған келесі тақырып — бизнес-ортаны одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар бойынша ұлттық экономика министрі Т.Сұлейменов баяндады. Бұған дейін «Doing Business 2019» рейтингінің қорытындылары жарияланған болатын, оған сәйкес Қазақстан әлемнің 190 елінің арасында 28-орынды иеленді. ҰӘМ мәліметіне бойынша, Қазақстан «Doing Business 2019»

белдеуге Ақмола облысының 17 ауданы мен Қарағанды облысының 4 ауданы кірді. Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі А.Евниевтің айтуынша, өткен кезеңде қарның негізгі шаралары жүзеге асқан. Астананың азық-түлік белдеуі бойынша жобаларды іске асыру шеңберінде спордандан 50 км радиуста 92 жоба анықталды.

Мәселені қарау қорытындысы бойынша Үкімет басшысы елорда халқының жыл санап өсіп келе жатқанын ескере отырып, тұрғындар мен қонақтарды азық-түлікпен қамту мәселесі өзекті болып отырғандығын айтты. Жанартылған жол картасын іске асыруға қатысты Премьер-министр бірқатар басты міндеттерді қойып, нақты тапсырмалар берді.

## Басты аспектілер назарда болуы тиіс



рейтингінің қорытындыларына сәйкес өз көрсеткішін соңғы 11 жылда 36 тармаққа жақсартты.

Мәселені қарау қорытындысын шығара отырып, Премьер-министр жүргізілген жұмыс айтарлықтай көрсеткіштерге жеткізгенін атап өтті. Дегенмен, бұл нәтижелермен шектеліп қалуға болмайды. Үкімет бизнесінің үздіксіз дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау бойынша жүйелі жұмыстар атқаруда. Заннамаға енгізілетін, бизнес ортаны жақсарту бойынша түзетін 7-ші пакеті қазір Парламент қарауында. Осы орайда Ұлттық экономика министріне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жыл соңына дейін заң жобасының Парламенттен өтуін қамтамасыз ету тапсырылды. Бұл келесі жылға индикаторларды жақсартуға мүмкіндік береді.

Отырыста Астана қаласының азық-түлік белдеуін қалыптастыру жөніндегі жол картасының жаңартылған жобасы мақұлданды. 2017-2018 жылдарға арналған жол картасы бір жыл бұрын бекітілген еді. Бұл

Мәселен, жол картасы жобасында азық-түлік тауарларының нақты қолжетімділігіне баса көңіл бөлінген. Дегенмен, бұл өнімдерді түпкі тұтынушыға қандай бағамен жеткізілетініне де ұмытпау керек. Осыған байланысты Ұлттық экономика министріне Аул шаруашылығы министрімен, Ақмола, Қарағанды облыстарының және Астананың өкімдіктерімен бірлесіп азық-түлік белдеуіне қатысушылар жеткізетін өнімдердің бағасына қатысты мәселені ерекше бақылауда ұстау тапсырылды. Сондай-ақ жол картасында елорданы азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерінен қамту бойынша 20-дан аса іс-шара қарастырылған, бірақ оның орындалуын бағалауға мүмкіндік беретін индикаторлар жоқ. Осыған байланысты мақсатты индикаторларды айқындап, әрбір министрлікпен және өкімдікпен жеке-жеке меморандумдар жасау қажет. Бұдан бөлек, Астанادا көтерме-үлестіру орталығын салу бойынша жұмыстарды жандандыру тапсырылды.

### Тарихи түйін

## Ақордаға жаңартылған Елтаңба ілінді



Ақордада латын көрінісіндегі QAZAQSTAN жазуы бар Елтаңба ілінді. QAZAQSTAN жазуы бар Елтаңба Парламент пен Үкімет ғимаратында да пайдаланылады.

Еліміздің атауы латын

көрінісіндегі QAZAQSTAN деп жазылған. Бұл өзгерістер 2018 жылдың 1 қарашасында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Заңына сәйкес күшіне енді.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 12

қыркүйегінде Ғылыми техникалық комиссияның отырысы өтіп, мемлекеттік Елтаңбаға өзгерістер енгізу туралы шешім қабылданған болатын. Осылайша, Елтаңбаға «Қазақстан» сөзі латын көрінісінде «QAZAQSTAN» болып өзгертілді. Бұл Елтаңбаға енгізілген алғашқы өзгеріс емес. Бұдан бұрын 2017 жылы пантон түсі халықаралық Lab түс гаммасына ауыстырылған еді.

Өзгерістер Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ өліп-білін кириллидидан латын көрініне көшіру туралы» Жарлығына сәйкес жасалғанды.

Еліміздің Елтаңбасы 1992 жылы қабылданды. Авторлары — Жанарбек Мөлбеков, Шот-Аман Уәлиханов.

### УАҚЫТ АҒЫМЫНДАҒЫ БІР СӘТ: БАС ҚАЛАНЫҢ КЕШЕГІСІ ЖӘНЕ БҮГІНГІСІ



Ғоғарғы суретте: Қазіргі Астана қаласындағы доңгелек алаң

Төменгі суретте: Целиноград (қазіргі Астана) орталығындағы орталық алаң 1971 жыл.



## ТАҒАЙЫНДАУЛАР

### ТАМЕРЛАН ЖҰМАҒАЛИЕВ

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Үкіметтік байланыс қызметінің директоры болып тағайындалды

### НҮРЛАН ТАУБАЕВ

Атырау облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды

### НҮРЛАН ТӘЖІБАЕВ

Маңғыстау облысы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды

# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

## БИЗНЕС БОЛАШАҒЫ

# Табысты бастаудың сыры неде?

Астанада өткен Жас Президенттер Ұйымының (ағыл. – Young Presidents Organization – YPO) жылы 700-ден астам адамның басын қосты. YPO – әрбір елде өз бөлімшелері бар, жабық халықаралық бизнесмендер іскер адамдар клубы, деп хабарлайды <https://kapital.kz> сайтынан. Әлемде бұл клубтың қатарында 25 мыңнан аса адам бар екен.

### ИСА ҚАМБАРОВ

Олардың бәрі де жай әлдебіреулер емес, ірі компаниялардың иелері және басқарушылары көрінеді. Қазақстанда бұл клубтың мүшелігіне 10-нан аса бизнесмен кіреді және ұйым тек солардың келісімімен ғана жана қатысушылармен толыға алады екен.

Өткен сенбідегі бұл басқосу YPO-дың жастар бизнес-форумы дәрежесінде ұйымдастырылды, дейді оның басы-қасында жүрген жауапты ресми өкілдер. Маңызды шара барысында бизнес-кейстермен, өздерінің үлкен іскерлік саласына қалай келгендері хакында сыр шерткен табысты тарихтарымен YPO клубының мүшелері: BI Group компаниясының акционері және директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахимбаев, Lancaster Group компаниясының акционері және директорлар кеңесінің төрағасы Берік Қаниев, Altyn Kuyan Group акционері және Қадағалаушы кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов, қазақстандық CEO Globalink Logistics (халықаралық логистика саласындағы әмбебап әріптес) Сиддик Хан және Forbes Kazakhstan баспагері Арманжан Байтасов емен-жарқын болды.

Бұл шара барысындағы басты ерекшелік – оны онлайн бақылау, өзің өз сауылаң қоюға мүмкіндік берілді. Спикерлер өздері тапқан алғашқы ақшалары туралы, жіберген кемшіліктері жайлы, әрбір іскер адамның жолығар тосқауылдары хакында жан-жақты әңгімеледі.

Өз фирмасының өз кезеңдерін еске алған Айдын Рахимбаев ісін ала басындағы қозғалуы күштің бірі еңбектен тапқан ақшасынан айрылып қалу қаупі болды, деп мойындады. Бүгінде жемісті еңбегімен танылған бизнесмен жас іскерлерге, уақыттары бос шаруаға жұмсаймай,



көңілді маңыздырақ мәселелерге бөлуге кенес береді. Айдын Рахимбаев бар-жоғы 500 долларды құраған бастапқы капитал туралы да айтып берді. Бұл бастапқы капитал, дәл қазіргі кезде 500 миллион долларға бағаланып отырған, компанияны құруға бастау болған.

«Біз сол 500 долларды қандай еңбекпен таптық? Студенттік шағымызда түні бойы вагон түсіріп, жұмыс істейтінбіз. Басқалар жұмсап жатқанда, біз ақшамызды қордалаумен болдық. Соған біз оны, шай, сигареттер және де басқаларын сатып, 5 мың долларға айналдырдық. Бұл ақшаға сол кездегі Целиноградта қаланың орталығынан екібөлмелі пәтер сатып алуға болатын еді. Бірақ біз мүмкіндіктеріміз емес, ақша жоғалтуға ләген қауіп жігерлендіріп жүрді. Біз соныңалықты еңбектен тапқан ақшамыздан айырылып қалу-дан қорықтық. 5 мың долларымыз 50 мың долларға айналды, содан кейін ғана бизнес басталды», – деп қорықты ойын іскер азамат.

Айдын Рахимбаевтың тағы бір маңызды кеңесі – қарыз сұрамай, капиталды өзің жинау.

«Жігіттер, істі бастау үшін ақша сұрайтындарға және істерін айналдыра сұрауларын кейбірайтандарға айтармын: уақытты жылда емес, тіпті оны әрбір сәтін жоғалтпандықар, қайсыбір ағай, көке, бауырын, құда-жәтжатын, мемлекет, тағы да басқалар ақша өкел береді деп күтудің қажеті жоқ. Жұмыс істедіңдер де, қор жинаңыздар. Нақ осылай қордаланған қаражатыңыз аяққа

тұруға көмектеседі, өйткені оларды жоғалту қатері сізді алға жетелейді. Ал енді ақша аспаннан сау ете қалса, бәрі бітті дей беріңіз. Ісіңіз жұрмейді», – деп форумға қатысушыларға ол сөз арнады.

BI Group басшысы табысты ең басты талабы дұрыс команда жасақтау деп атады. Ол Джим Коллинзді оқуға ұсыныс берді. Сондай-ақ спикер мемлекетке үлкен үміт артып, одан көмек күтеу керек, дейді.

Бизнесмен және YPO төрағасы Исламбек Салжанов жастарды өз бетіне тұрақты түрде көніл бөліп, ағылшын тілін оқуға және бірінші кезекпен қиыншылықтарға іркімеуге шақырды.

«Бизнесіте қиын болады. Бірақ та, сәтсіздіктерге қарамастан, максатқа ұмтылу қажет. Біздер де талай сәтсіздікке ұшырадық, бірақ бұрыс шешімдерге душар болдық, алайда біз кемшіліктерден сабақ алып жетістікке жеттік, табысқа кенелдік. Біз сипқашанда тоқтамалдық. Ала, ала, ала ұмтылдық. Есте сақтаныңдар, ең жоғары дивиденттер білімге салған инвестициялардан түседі. Білім ізденіңдер, табысты бизнесмендер жайлы, табысты компаниялар туралы кітаптарды оқыныңдар, өз беттеріңізбен дамуға тырысыңыздар. Қазір тіпті ондай кітаптарды сатып алудан қажеті жоқ, интернет бар, жүктеп алыңыз да тегін оқи беріңіз. Біліктілігіңді арттырыңыз. Тілдерді үйреніңіз. Ең алдымен, ағылшын тілін. Ағылшын тілісіз болашақ жоқ, тілді меңгеру инвестормен және әріптестеріңізбен бір тілде ұғынысуға

мүмкіндік береді», – деп атап көрсетті спикер.

Форумда тың пікірлер де айтылды. Мәселен, қазақстандық масс-медиа нарығы үшін әдеттегі саналатын, БАҚ-тарды бизнес деп қарастыруға болмайтыны туралы пікірді Forbes Kazakhstan иесі, баспагер Арманжан Байтасов жоққа шығарды.

– Медиа саласының, медиабизнесінің дамуына өз басым сенімдімін, – делі о. Бүкіл әлемде бұл – экономиканың ең тез өсуші салаларының бірі. Сосын, әрине, маңызды фактор – сөз бостандығы болуы. Бірақ сөз бостандығы олай емес, өйткені... жарайды, жалпы сөз бостандығы туралы айту ауыр. Бірақ та мен Қазақстанда сөз бостандығы бар деп есептеймін. Қалай болғанда да, мен Қазақстанда сөз бостандығы бар деп санаймын. Мен қазір осы жерде сөйлеп тұрмын, оймалдағымды айтамын. Facebook, Instagram, Telegram бар – мархабат, жұмыс істей беріңіз. Медиа – бұл шын мәнінде дамуыңз қуатты мүмкіндігі.

Медиа саласында ақша табу үшін неден бастау керек? Байтасов Telegram-арналарды дамытуға көніл бөлуге ұсыныс жасады.

– Өйткені, мұнда түсінікті де айқын аудитория бар, және де ол жарнама берушілерге де ұғынықты, – деп түсіндіреді маман-бизнесмен. – Екіншіден, YouTube-ке көніл аударуға айрықша ұсыныс білдіремін. (...) Бүгінгі күні контент құрумен жұмыс істейтіндер үшін YouTube өте көп бас ауртатын мәселелерді өз мойнына алды. Сізге тек жай ғана қызықты (мазмұнды) контент құраныңз болды.

Forbes Kazakhstan құрушысы мынаны атап көрсетті: 90-ыншы жылдары бизнесті енді бастаған кезде, ол өзі армандай алмаған, іс жүзінде істеріңіз санлы, мүмкіндіктерге бүгінгі істеріңіз жана бастаған кәсіпкерлер ие болып отыр. Сондықтан бастысы – алға жылжу, әрине, нақты не істейтіңізді ойластыру. Мәселен, ол қерілтерге байқап қарауды ұсынды және болашақ тәуекелділіктің бәрін мұқият есептеу керек, соның ішінде – несие бойынша пайыздар төлеуді де ескерген жөн. Дегенмен, Байтасов бизнесмен Қазақстанда дәл қазір бизнестің үшін жайлы орта қалыптасқанына сенімді, бастысы – бизнесті құруға ыңыр-жігеріңіз жеткілікті болуы.

## ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



### Ресейден 500 тонна өнімнің заңсыз енгізілуіне тосқауыл қойылған

Қытайдың белді ақпарат көзі Синьхуа агенттігінің [www.xinhuanews](http://www.xinhuanews) сайтынан 27 қазаннан 2 қараша аралығында мемлекеттік инспекторлар Ақтөбесіне, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында Ресейден 500 тонна осімдік өнімдерін заңсыз алып өтуге тырысудың жолы кесілген, деп хабарлайды. Мұны агенттік Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрілігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап мәлімдеді.



43 тонна бидай кебегі, 21 тонна картоп және 17 текше метр арамен кесілген ағаштар сертификатсыз енгізілген. Барлық жүктер Ресейге қайтарылған, ал кінәлілер әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Жалпы алғанда, қазан айында Ресейден куәліксіз заңсыз енгізудің 35 жағдайының жолы кесілді.



### ХВҚ экономикалық өсу серінін қолдайды

Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) Қазақстандағы экономикалық өсудің қалпына келу серінін қолдайды, деп хабарлайды белді ұйымның <https://www.imf.org> сайтынан. Осы сөйсеңбіде ХВҚ Тауы Шығыс және Орталық Азия елдері департаменті директорының орынбасары Юха Кяхконен Алматыда таныстырған «Қазақ және Орталық Азия: Аймақтық экономика және дамуының болашағы» атты қараша айындағы баяндамасында кеңінен тоқталған.

– Экономиканың шикізаттық емес секторлары қарқын ала түскен, бұл өте маңызды, өйткені Қазақстанға диверсификациялау қажет. Мұнай ресурстары күндердің күнінде таусылады, қазақстандық экономика үшін диверсификациялану маңызды, себебі болашақта ол мұнайдың қорларымен өмір сүре алуы тиіс, – дейді Юха Кяхконен. Орта мерзімдік болашақтағы сын-тегеуріннің бастысы – экономиканың орташа өсімі толымдырақ болуы үшін – құрылымдық реформалардың табындылықпен жүргізілуінде, деп түсіндіреді ХВҚ Тауы Шығыс және Орталық Азия елдері департаменті директорының орынбасары Ю. Кяхконен.



### Көліктік-логистикалық компаниялармен келісім жасалды

Осы аттаның басында Шанхай қаласында «Қазақстан темір жолы» (КТЖ) ұлттық компаниясының басшысы Қанат Алысбаев бірқатар провинциялардың басшыларымен және Қытайдың ірі көліктік-логистикалық компанияларының басшыларымен кездесті, деп хабарлайды [www.cosco.com](http://www.cosco.com) сайты.

COSCO Shipping Corporation Limited компаниясы бас директорының орынбасары Суй Цзюанмен және Ляньгонган аймағының президенті Чжу Сянмен келіссөздер барысында «Хоргос – Шығыс қақпасы» Құрғақ аялағы ЕЭА-сын (еркін экономикалық аймағы) дамыту жөніндегі ынтымақтастықтың табыстылығы атап айтылды. Бұл қазір ғаламдық логистикалық қызмет көрсетулетінің бір бөлігіне айналып, қазақстандық транзиттік дәуілерді халықаралық логистикалық жүйелерге енгізуді қамтамасыз етеді, дейді білікті сарапшылар.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

## БАСҚОСЫ

# Сүт өндірісіндегі оңтайлы шешім

Қушәлікті тұрмыста біз сүт және сүт өнімдерін өте жиі қолданамыз. Тіпті, асүйімізде сүт болмаса, дастарханмыздың сөні кірмейтіндей. Денсаулығымыздың тұрақтылығына, сондай-ақ, ағзамызы бірақтар аурулардан алдын алу мақсатында сүттің бізге тигізер пайдасы өрасан.

### МАҚПАЛ САҒЫНДЫҚ

Сүт туралы ең алғашқы заң 1930 жылдың 31 шілдесінде Германияда қабылданған екен. Дегенмен де, неміс халқының 66 пайызы бүгінде сүт құрамындағы дәрумендердің жетіспеушілігінен зарлап шегуде.

Жақында Астанада өзіміздің сүт өндірушілерінің IV конгресі өтті. «Мал шаруашылығын бизнесіне табысты стратегияны енгізу арқылы максималды өнім алу» тақырыбында өрбіген жиян барысында бірақтар мәселелер талқыланды. Солардың ішінде тамақ өнеркәсібімен айналысып отырған кәсіпорындар басшыларына мемлекет тарапынан субсидия берілетіндігі мәлім болды. Конгресте Ауыл шаруашылығы министрілігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаментінің директоры Еркебұлан Ахметов сөзі үшін ауқымды табыс көзі саналатын сүт өнімдерін көптеп шығару екендігін айта келе, осы бағытты дамыту мақсатында бірнеше бағдарламаларды қабылданғандығын атап өтті. «Өздеріңіз білетіндей, өткен жылдары белгілі себептермен субсидия беруді тоқтатқан болатынбыз.

Қайта субсидиялау өз нәтижесін көрсетіп отыр. Сондықтан, бұдан бөлек аталған саланы одан әрі жетілдіру мақсатында жақында министрлік ұзақмерзімді бағдарлама қабылдады. Яғни, алдағы уақытта 10 жылға арналған жоба негізінде сүт өндірісін 1 млн тоннаға жеткізуді көздеп отырмыз», – деді Е.Ахметов. Жиында сала басшылары, қызметкерлері тарапынан сүтті ұсыныстар ортаға тасталды. Солардың ішінде қатысушыларды қызықтыратыны ірі қара малдарды бос ұстайтын сүт фермаларын құру жүйесін қарастыру болды. Бұл жүйе іс жүзінде қолға алынса, келешекте еліміздегі сүт өндіретін кәсіпорындарды дамыту он нәтижесін берелі деп күтілуде.

Елордада өткен шарала барлығы 200-ден астам сала өкілдері бас қосты. Олардың арасында ет пен сүт өндіру өнеркәсібінің жетекші мамандары, фермерлер, серіктес компаниялардың қызметкерлері мен сарапшылары қатысты. Бағдарламаның шеңберінде сүт өндірісін арттыру мақсатында 102 жоба айқындалып, ол «ҚазАгро» холдингі арқылы қаржыландырылатын болады. Ұлттық басқарушы холдингі 2006 жылдың 11 желтоқсанында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес құрылған. Мемлекеттік саясатты іске асыруда мақсат тұтқан «ҚазАгро» холдингі бүгінгі таңда ауылшаруашылығына қатысты бірнеше кәсіпорындарға қаржылай қолдау көрсетуде. Жалпы алғанда, бұл бағдарлама



қой және сүтті ірі қара мал шаруашылығы, жануалық мал шаруашылығы, ет бағытындағы ірі қараны көбейту сияқты төрт модель бойынша іске асырылмақ. Қазіргі таңда қайта өңделген тауарлардың сыртқы саудасы 13 пайызға артқан. Бұл көрсеткіштің көлемі бытырғы жылмен салыстырғанда 30 пайызға өскендігін аңғартады.

Мемлекет басшысы халыққа үндеген биялығы Жолдауында ауыл шаруашылығына қатысты өнімдердің экспорттың 2022 жылға қарай 2,5 есеге артыру керектігін атап өткен болатын. Осы мақсатта Үкіметке алдағы үш жыл ішінде қосымша кемінде 100 млрд теңге қарастыруды тапсырғаны белгілі. Жүктелген міндеттерді ескере отырып, фермерлерге жаңа технология белгілі шарттар бойынша несие сипеті беріледі. Яғни, мал шаруашылығымен айналысып отырған кәсіпорындар ғылыми институтпен үш жылға келісімшартқа

отырады. Осы келісім төңірегінде ғылыми жұмыстар жүргізіліп, сала мамандары малды азықтандыру, ұрықтандыру, өнім сапасын арттыру тұрғысында нақты тапсырмаларды атқарулары тиіс. Министрлік тарапынан қолдау тапқан аталмыш келісім еліміздегі сүт өнімдерінің молынан өндірілуіне және жоғары сапаға не болатындығына серпін бермек.

Адам денсаулығы үшін сүттің тигізер пайдасы ерекше. Себебі, ақ өнімді пайдаланғанда біздің ағзамызы оның құрамды бөлігінің 95-98 пайызы сінеді. Сонымен қатар, сүт – амин қышқылдарының, макро және микроэлементтердің, А, В2, В1, Е, D, С дәрумендерінің бай ерекше тағамның түрі. Жана сауылған сүт адам денсаулығына, оның өмір сүріндігіне өте пайдалы. Себебі сүттің құрамында бакте-рияның жойып қана қоймай, өсіп-өнуіне кедергі келтіретін қасиеттер басым.

# БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ▶ ҰЛТТЫҚ БАНК

#### БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ БАНКТЕР МҮДДЕЛІ БОЛУЫ ТИІС

Ұлттық банк банк акционерлерінің депозиттерін капиталға айналады алады.

Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков Алматыда өткен «Өңірлік экономиканың даму келешегі: Кавказ және Орталық Азия» атты жиыны барысында екінші деңгейлі банктердің жұмысын реттеуге мүмкіндік беретін заң нормаларын қатайту қажеттігі туралы айтты. «Менің ойымша, ең алдымен банктің жақсы бизнес-портфелинің болуына назар аудару керек. Кателік жасауға болмайды. Бір жақтықтын өзін біз біздің, акцияның құнына әсер етеді. Сонымен қатар, банктердің жұмысын бақылауды нығайтандырамыз. Бұл олардың мүддесі үшін керек, біз оларға қолдау көрсетеміз. Жана заңнамада 2019 жылдың 1 қантарынан бастап біз мынадай тетік енгізіп жатырмыз. Банк акционерінің өзі сол банктен депозит ашуы ықтимал. Ол байланған депозит болып саналады. Біз реттеуші ретінде банктердегі барлық байланған депозиттерді капиталға айналады аламыз. Енді Ұлттық банк бұл депозиттерді банктің жарғылық капиталына айналады», — деп атап өтті Олег Смоляков.

Ұлттық банк байланыстағы несиелермен белсенді түрде күресек. «Бұл үшін біз 1,5 жылдан бері банктерді лицензиядан айырып келеміз. Егер лицензиясынан айрылған банктерді біріктіретін болсақ, елдегі бүкіл банк жүйесінің 5 пайызы болып шығады. Яғни осы несиегердің көпшілігін ісесі банк акционерлері немесе оның туыстары болып шыққан. Мұны өзгерту керек. Бұған бірінші кезекте банктер өздері мүдделі болуы тиіс», — деп ол.

### ▶ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ВАЛЮТА ҚОРЫ

#### ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУ КЕРЕК

Халықаралық валюта қорының өкілі Алматыда өткен дәстүрлі «Өңірлік экономиканың даму келешегі: Кавказ және Орталық Азия» атты жиында Қазақстан экономикасының қазіргі ахуалына қысқаша сипаттама беріп өтті.

ХВҚ-ның Тауау Шағын және Орта Азия елдері департаменті директорының орынбасары Юха Кяхконен: «Қазақстанда шикізаттық емес саланың дамуы айқындалып келеді. Бұл өте маңызды. Себебі Қазақстан экономикасын өртартапандыру керек. Мұнай қоры таусылған кезде қазақстандықтарға экономиканың басқа саласының дамуы аса маңызды», — деп атап өтті.

Оның айтуынша, ЖІӨ 4%-ға артуы елдегі мұнай өндірісі мен мұнай бағасына қатысты қалыптасып отыр. ХВҚ болжамы бойынша бұл көрсеткіш келер жылы — 3,7%, одан әрі 3,1%-ға түсуі ықтимал. Мұнай өндірісі қарқынды азыраюмен байланысты. «Қазіргі ЖІӨ өсіміне бірнеше фактор ықпал етіп отыр. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында инфрақұрылым жақсарып, Үкімет бірнеше реформаны жүзеге асырды. ХВҚ фьючерс нарығындағы заңдылықтарға қарап болжам жасайды. Олар мұнай бағасының 60 доллардан төмендейтіндігін айтады. Сыртқы күйзеліс, санкциялар да бұған әсер етуі мүмкін. Мұнай бағасының өзгеруі Қазақстан экономикасына ықпал етеді. Сондықтан Қазақстанның бұл жағдайға барынша дайын болғаны дұрыс. Мұнай бағасының көтерілуіне қанағаттануға болмайды. Бұл уақытта, осы ресурсты экономиканы өртартапандыруға салу керек», — деп ол.

### ▶ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА

#### КОЛЛЕКЦИЯЛЫҚ МОНЕТАЛАР АЙНАЛЫСҚА ШЫҚТЫ

Ұлттық банк 5 қарашада номиналы 5000 және 500 теңгелік күміс және номиналы 100 теңгелік мөлхюр қоспасынан жасалған «Есте қалатын оқиғалар мен біртұрақ адамдар» сериясы бойынша «Тенге 25 жыл» коллекциялық монеталарын айналысқа шығарды.

15 қарашада ұлттық валюта — теңгенің шығарылуы 25 жыл толады. Номиналы 5000 және 500 теңгелік «Тенге 25 жыл» монеталарының сипаттамасы: Бет және сұрт жақтарындағы бейнелер бірдей. Монеталар алтынды және түрлі түсті басу технологиясының қолдана отырып күмістен дайындалған. Монеталардың бет жағында 1997 жылғы үлгідегі номиналы 1 теңгелік монетаның алтынды жағының бейнесі орналастырылған. Сырт жағында 1993 жылғы үлгідегі қазақстандық монеталардың аясында номиналы 1 теңгелік банкнот бейнеленген. Банкноттың үстінде 1997 жылғы үлгідегі 1 теңгелік монетаның реверсінің алтынды жағының бейнесі бар «Тенге 25 жыл» деген жазба және 1993 жылғы үлгідегі монеталар бейнеленген.

5000 теңгелік монеталар 925 сымалды күмістен жасалған, салмағы — 1 кг, диаметрі — 100 мм, дайындау сапасы — «900», таралымы — 200 дана; 500 теңгелік монеталар 925 сымалды күмістен жасалған, салмағы — 62,2 грамм, диаметрі — 50 мм, дайындау сапасы — «900», таралымы — 1000 дана; 100 теңгелік монеталар мөлхюр қоспасынан, салмағы — 11,17 грамм, диаметрі — 31 мм, дайындау сапасы «Bifilant uncirculated», таралымы — 30 мың дана. Аталған коллекциялық монеталар елдің бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылданауға міндетті, барлық банктерде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

### ▶ ҰЛТТЫҚ БАНК: «7-20-25» БАҒДАРЛАМАСЫ

# Баспананы бар тұрғыда қолжетімді ету — басым міндет

Ұлттық банк инфляциялық таргеттеу саясатын жүргізуді жалғастырады. Қаржы реттеушісі алдымыздағы жылы инфляция деңгейін 4-6 пайыздық дәлдіде ұстау тұрады көзделіп отыр. Республикалық бюджеттің негізгі әлеуметтік көрсеткіштерінің индекс-өшемдерін есептеген кезде осы көрсеткіш пайдаланылды.

#### РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Осы ретте Парламент Мәжілісінде баяндама жасаған Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышев инфляциялық үдерістерді реттеу үшін ақша-кредит саясатының пайыздық арнасын басымдық алатынын атап өтті. Бұл Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі негізгі құрал болып табылатынын білдіреді. Яғни ол ақша нарығындағы мөлшерлемелер дәлзін айқындайтын болады. Ұлттық банк қалыптасып отырған және күтілетін инфляция мөлшеріне, сондай-ақ төлем теңгерімінің жай-күйін айқындайтын сыртқы факторларға байланысты мөлшерлеме көлемін белгілейтін болады.

— Биылғы тоғыз айда инфляция 3,3% болды. Өткен қыркүйекте жылдық инфляция былтырғы жылдың соңындағы 7,1 пайызбен салыстырғанда 6,1%-ға дейін төмендеді. Инфляцияның өсу тәуекелдерін төмендету үшін 15 қазанда базалық мөлшерлеме 9 пайыздан 9,25%-ға дейін ұлғайтылды. Базалық мөлшерлемесін жана деңгейі теңгедегі активтерге сұранысты арттыруға және қолайлы ақша-кредит талаптарын сақтауға мүмкіндік берді, — деп атап өтті Д.Ақышев.

Ұлттық банк шекаралар, дәліз немесе басқа бағдарлар белгілемей, өзгермелі айырбастау бағамының режімін сақтайды. «Айырбастау бағамы негізінен елдің төлем теңгеріміне байланысты ахуалға қарай, яғни ел нарығына шетел валютасының өкелуі мен өкелілуі балансының әсерімен қалыптасып деп санаймыз. Бұл сыртқы



күйзелістерді барынша азайтуға және біздің экономикамыздың бәсекеске қауіптілік көрсеткіштерін тез арада түзетуге мүмкіндік берді», — деп баяндалды бас банк басшысы.

Төраға келтірген деректер бойынша, биылғы 9 айында Қазақстанның төлем теңгерімінің айтарлықтай жақсаруы орын алған. Өткен жылы 4,6 млрд АҚШ долларын құраған ағымдағы шот тапшылығы 0,9 млрд АҚШ долларына дейін немесе 5,4 есе төмендеді. Биыл үшінші тоқсанда ағымдағы шот тапшылығы барлығы 0,1 млрд АҚШ долларын құрады, бұл соңғы жылдардағы ең үздік көрсеткіш болып табылады. «Біз жуырдағы жылдары ағымдағы шот тапшылығының мөлшерін азайту үрдісінің сақталуын күтеміз, ол ұлттық валютаның бағамы үшін теріс факторларды барынша азайтуға болжайды. Айырбастау бағамы үшін қысқа уақыттағы тәуекелдер әлемдік қаржы нарықтарындағы белгісіздік және негізгі елдер әріптестері болып табылатын сауда алыс-алыстарының бағамдары бойынша ахуалдың нашарлауы болып табылады», — деп Д.Ақышев.

Ұлттық банк басшысы валюта нарығындағы тенге бағамы жылдың басынан 30 қазан аралығындағы кезеңде бір АҚШ доллары үшін 368,55 тенгеге дейін, яғни 10,9 пайызға әлсірегенін атап өтті. Тенгенің әлсіреуі сыртқы факторларға байланысты болды. Бұл — АҚШ долларының дамушы елдердің валюталарына қатысты нығаюы және Ресейге қарсы санкциялардың болашақта қатандатылуы туралы мәлімдеме. «Аталған бағамдық саясат алтын-валюта резервтерін сақтауға мүмкіндік береді. Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері қыркүйектің соңында 30 млрд АҚШ долларын, Ұлттық қордың активтері 56,3 млрд АҚШ долларын құрады. Жалпы халықаралық резервтер 86,3 млрд АҚШ долларын құрады», — деп хабарлады Ұлттық банк басшысы.

Ұлттық банк 2019 жылы қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастырады. Банктардың тәуекелді жоғары саясат ахуалына жол бермеу мақсатында елімізде алдағы жылдың 1 қантарынан бастап тәуекелге бағдарланған тәсіл

енгізіледі. Тиісті заң және қажетті нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Капиталдандыру деңгейіне және тәуекелдерді басқару жүйелеріне қойылатын талаптар, әсіресе, тәуекелді жоғары саясатты жүргізетін банктер үшін күшейетін болады. «Банк секторын қалыптастыру және реттеу мен қалағандай мақсатында жана тәсілдерді енгізу банктердің салымшылары үшін тәуекелдерді біршама азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, теңгерімді нашар кредиттерден тазарту және қорландырудың өсуі салдарынан банктер кредиттеуді жандандыратын болады», — деп Д.Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы атап өткендей, 9 айда білгерлен жана кредиттердің көлемі былтырғы есепті кеземен салыстырғанда 26%-ға немесе 2 трлн тенгеге ұлғайды. Қайта құрылымдаудан өтіп жатқан және лицензиясынан айырылған банктердің кредиттік қоржынын есепке алмағанда, экономиканың кредиттеудің жылдық өсімі 7% немесе 816 млрд тенге болды. Кәсіпорындарға төнгеммен берілетін кредиттер бойынша мөлшерлеме жыл басындағы 13,2%-дан қыркүйекте 12,2%-ға дейін төмендеді. Елден ақша өкелуге қарсы күреске бағытталған шаралар да күшейтіледі. Атап айтқанда, Ұлттық банк пен Қаржы министрлігі арасында валюталық бақылау мақсатында ақпараттық өзара әрекет етуі кеңейту жоспарланып отыр.

Ұлттық банк басшысы сөзін қорытындылай келіп, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында ерекше басым салаларды қолдау мақсатындағы ету жөніндегі тапсырмаларын іске асыру негізгі басымдық болатынын атап өтті. Осы ретте азаматтарды бар тұрғыда қолжетімді баспанмен қамтамасыз ету үшін «7-20-25» бағдарламасын іске асыру жалғаспайды. Қаржы реттеушісінің бағалауы бойынша, келер жылы банктер кредиттері 10 пайыздан астам өсуі мүмкін.

### ▶ НҰРЛЫ ЖЕР: ТҮРҒЫН ҮЙ

# Инвестициялық белсенділік артты


> [1]

Былтырғы жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда, құрылыс компаниялары тарапынан инвестиция салу 86 пайыз, жеке үй тұрғызушылар тарапынан 53 пайыз өскен. Осылайша, биыл тұрғын үй құрылысы жүйелі өсу жолына түсті. Саланың жалпы инвестиция көлеміндегі үлес салмағы 11 пайызға жетті.

Тұтас алғанда тұрғын үй құрылысының инвестициялық қоржыны былтырғы жылмен салыстырғанда 38 пайызға өскен болса, республика бойынша негізгі капиталға салынған барлық инвестиция көлемінің өсімі 33 пайызға құралды. Алайда саладағы инвестициялық белсенділік осы қалыпта ұзақ сақталды деп айту қиын. Өйткені құрылыс компанияларына тең инвесторлар тарапынан көрсетілетін қолдау аз. Олардың өз қаражаты инвестициялар құрылымындағы соңынан 80 пайыздан астамын құрайды. Тұтас алғанда республиканың инвестициялық қоржыны бойынша үшінші тоқсанның қорытындысында жекеменшік қаражаттың үлес салмағы 73 пайыз шамасында болды.

Құрылыс салушылар үшін қорланудың дәстүрлі көзі — екінші деңгейлі банктер беретін кредиттер көлемі тарылды. Құрылыс саласына банктердің қарыз қоржыны жыл ішінде 212 миллиард тенгеге (21%-ға) қысқарған болса, бюджеттік инвестициялар өткен жылмен салыстырғанда


Құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысына инвестиция құрылымындағы жеке қаражатының үлес салмағы. Қаңтар — қыркүйек (%)



«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы іске асыру жоспары. Барлық қаржы көздері есебінен тұрғын үйді пайдалануға беру көлемі (млн м²)



Тұрғын үй құрылысына инвестициялар. Қаңтар — қыркүйек (млрд теңге)



16,5 миллиард тенгеге (13%-ға) азайған.

Мемлекеттік тұрғын үй саясаты

тікелей қаржыландырудан бұйжеттен тыс қаржыландыруға бағыт алды. Тұрғын үй құрылысында

тікелей өтімділік тапшылығы жағдайында құрылыс салушыларды қолдаудың институционалды тетіктер нарығы белсенді дамиды болады. Оның ішінде тауау «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ құрылыс салушыларды қолдаудың жана тетігін — үлескерлердің қордың кепілдігін салынып жатқан нысандардан пәтер сатып алуына берілетін қарыздарды кепілдендіруді іске қосты. Оның нәтижесінде құрылыс салушыларға кепілдік берілуі туралы қормен келісім жасау тиімді болмақ. Бұл аралық үлескерлердің қаражаты арқылы екінші деңгейлі банктердің кредитіне қолжеткізуге мүмкіндік береді.

Қордың бақылауымен екі жылдың ішінде 17,9 мың шаршы метр тұрғын үй (326 пәтер) пайдалануға берілді. Қазіргі таңда қордың кепілдігінде 212,8 мың шаршы метр баспана (3,5 мың пәтер) құрылысын қамтамасыз ететін тағы 15 ірі жоба — тұрғын үй кешендері салынуа.

Биыл қантар — қыркүйек аралығында 8,8 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысын іске қосу көрсеткіші былтырғыға қарағанда 12 пайызға жоғары. Өткен айлардағы құрылыс жұмыстарының қарқынды қарағанда, ағымдағы жылы пайдалануға берілетін баспана көлемі «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасында жоспарланған көрсеткіш — 12 миллион шаршы метрге сай келмек.

# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

▶ ЖАҢА ЖІБЕК ЖОЛЫ

## Еуразиядағы маңызды хаб

### Брюссельде еліміздің транзиттік мүмкіндіктері таныстырылды

> [ 1 ]

Берлиндік Еуразиялық клубтың негізгі идеясы — Қазақстан мен Германия арасындағы ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқылау үшін экономикалық және инвестициялық трек платформасын ұсыну болып табылады. Клуб жұмысы ұсынымдар әзірлеу мен пікір алмасулар мақсатында екі ел саясаткерлері, сарапшылары, бизнесмендері арасындағы өзара ықпалдастықты тұрақты реттеуге бағытталған. Бұл еуропалық және азиялық мәдениеттер арасындағы сарапшылық ұнақтысыды нығайтуға арналған Қазақстанның Еуропадағы бірінші жобасы.

Жыныға еуропалық компаниялардың, Қазақстан мен Еуроодақтың экономикалық, қаржылық және ғылыми ұйымдарының 50-ден аса өкілі қатысты. «Жаңа Жібек жолы: Қазақстан — Еуропа мен Азия арасындағы маңызды көлік, транзиттік және энергетикалық хаб» тақырыбындағы панельдік талқылауда «KTZ Express» АҚ бас директорының орынбасары Сергей Анашкин Еуразиялық аймақ елдеріндегі трансконтинентальдық тасымал үшін диалог алаңының маңыздылығын, Жібек жолы бағыттарының халықаралық көліктік жүйесінде тартылан елдердің даму бағдарламаларының ұштастығын атап өтті.

Бүгінде «Қазақстан темір жолы» мультимодальдық холдингі Еуразияның көлік-логистикалық әлеуетін жүзеге асыруға белсенді қатысқан келеді. Бұған компанияның тауарларды жеткізу жылдамдығы мен боқамдылығын қамтамасыз ететін логистикалық қызметтің кешенді пакетін және мультимодальдық шешімдерді қолдана отырып Азия, Еуропа, Түркия және Парсы шығанағы елдері сауда полостары арасындағы тұрақты контейнерлік қызметті алға жылжытуға тікелей қатысуы дәлел. Қазақстанның ішкі, сыртқы аумақтарында жүк ағындарын тарту мен логистикалық шоғырландыру орталықтарының тірек желілері дамуда, жеке секторды тартумен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолайлы жағдайлар жасалуда.



Мұның барлығы өз кезегінде жүк ағындарын ынталандырып, сауда қозғалыстарында жаңа логистикалық тізбектерді қалыптастырады.

Спикер Транскаспий бағыты — Middle Corridor бойынша тасымалды ұйымдастырудағы ынтымақтастық туралы айтып берді. Бүгінгі таңда Каспий аймағы елдері контейнерлік және мультимодальдық технологияларды қолданумен трансконтинентальдық жүк ағынын дамыту үшін үлкен перспективаларды ашып, тиісті дәліз инфрақұрылымы мен порттарды бексенді дамытады.

Сарапшылар Еуропа — Азия бағытындағы тасымалдарға сұраныстың артуын және Еуразия елдері заңнамаларын стандарттау мен үйлестіру процесін, ұлттық және өнері-дік бағдарламаларды байланыстыру арқылы құрықаралық жүк ағынын ынталандырудың маңыздылығын атап өтіп, логистикалық ағынды әртараптануы, мұнай-газ секторын жаңғырту жобаларын жүзеге асыру мен ынтымақтастықтың перспективаларын психықтады.

Қазақстанның Германиядағы төтенше және өкілетті елшісі Болат Нүсіповтің айтуынша, екі елдің ғана

емес, жалпы Қазақстан мен Еуроодақ арасындағы өріпестік тұрғысында тартымды ұсыныстар алға тартылды. Басқосудың нәтижесі бүгінде өзін Еуразиядағы маңызды энергетикалық және транзиттік-көліктік хаб ретінде танытып отырған біздің елімізбен өріпестікке қызығушылық зор екендігін көрсетті.

«КазМұнайГаз» компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Құрманғазы Есказиев елімізде жүзеге асырылып жатқан іргелі Теніз, Қашаған, Қарашығанақ, сондай-ақ біртұрақ теңіз жобаларына тоқталды. Бұл жобалардағы еуропалық компаниялармен өріпестік барысы, Қазақстан үкіметінің инвестициялық тартымдылықты артыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстары атап өтті. Жұрпа Мәжіліс қабылдаған Жер қойнауы туралы кодекстің барлау және өндіру бөлігінде жер қойнауын пайдалануға келісімшарттар алуды айтарлықтай жеңілдетті.

Отырыста жанды Брюссельде өткен АSEM саммиті барысында Елбасы ұсынған бастамалар жөнінде айтылды. Еуропаның сыртқы әрекет қызметі Орталық Азия бөлімінің жетекшісі Борис Яроше-

вич Нұрсұлтан Назарбаевтың Азия-Еуропа саммитіне қатысуын және Еурокомиссия башысы Жан-Клод Юнкермен өткізген кездесуін жоғары бағалады. Қазақстан Еуроодақпен Кенейтілген серіктестік жөнінде келісім жасаған аймақтағы жалғыз ел екенін тілге тиек еткен ол, Еуроодақтың Азиямен өзара байланысқа дамыту стратегиясын жүзеге асырудағы басты серіктесі екенін атап өтті. Германия экономикасы шығыс комитетінің басқарушы директоры Михаэль Хармс екіжақты ынтымақтастықтың он сипатына, бытырдаң бері екіжақты тауар айналымының айтарлықтай өсіміне тоқталды. Өндірісті алға жылжыту — ең алдымен логистиканы дамытудан басталатынын терең түсінетін Қазақстан тарапының темір жол көлігін дамыту жобасы айрықша маңызды. Бұл бағытта Корас — Жаңа Жібек жолының Шығыстағы қақпасы болатыны сөзсіз.

Жыныға еуропалық кәсіпкерлер мен саясаткерлер Қазақстанмен инвестициялық сауда-экономикалық және саяси ынтымақтастығын одан әрі дамытуға деген екендіктерін білдірді.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ ЖОЛДАУ АЯСЫНДА: КОСТАНАЙ

### ЕКІ ЖҮЗДЕН АСТАМ КӘСПІОРЫНДА ЖАЛАҚЫ ӨСТІ

Костанай облысында 200-ден астам кәсіпорның жұмыскерлерінің жалақысы өскені.

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі Архимед Мұхамбетов: «Елбасының 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауында төмен жалақы алатын жұмыскерлердің айлығын 28 мыңнан 42 мың теңгеге дейін өсіру міндеті жүктелген еді. Осы ретте облыста қоспарлы жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қаражаттың барлығы шешілді. 1 қантардан бастап жалақы көтеріледі, — деп атап өтті. — Мысалы, екі жүзден астам кәсіпорында 36 мың жұмыскердің жалақысы өсіп отыр. Атап айтқанда, 1 қарашадағы көрсеткіш бойынша 180 мекемеде 4 500 адамның жалақысы көбейді. 1 желтоқсаннан бастап 337 мекемеде 7 600 адамның жалақысы өсіріліп отыр болады. Қалған мекемелерде 1 қантардан басталады».

Облыс басшысының айтуынша, «Баян сұлу» кондендтерлік фабрикасы, «Сарыарқа автоөнеркәсімі» АҚ, «Агроماش холдинг», «Милк» компаниялары Елбасының бастамасын қолдап, қызметкерлерінің жалақыларын 10-20 пайызға көбейтуде.

Брифинг барысында Архимед Мұхамбетов облыста жыл басынан бері автокөлік құрастыру 15,7 пайызға артқанын атап өтті. Осындай өсіммен 2023 жылға қарай өндіріс жылына 60 мың автокөлік шығару көзделіп отыр.

▶ ЭНЕРГЕТИКА: БАЛАМА ҚУАТ

### ЖЕЛДІН ҚҮШІ ПАЙДАЛАНЫЛАДЫ

Ақмола облысының орталығы — Көкшетау қаласының іргесінде 5 жел генераторы салынады.

«Қулагер» ипподромы маңында салынып жатқан «ВетроИнвестКөкшетау» ЖШС жобасының құны 1,7 миллиард теңгені құрайды. Құрылыс алдағы жылы аяқталады. «Бүгінде барлығы 5 жел генераторының құрылысы жүріп жатыр. Әрқайсысының қуаты — сағатына 750 кВт, ал барлық қондырғының жалпы қуаты — 3,2 МВт. Қазір монтаждау жұмыстары жүргізілуде, келер жылдың жазында жобаны іске қосу жоспарланып отыр», — дейді құрылыс уәкесінің басшысы Асхат Жаксыбергенов.

Жобала қарастырылғандай, жел электр станциясының қуатын басты тұтынушы Көкшетау қаласы болады.

Желдің күшін электр қуатына айналдыру мақсатындағы осындай жоба Маңғыстау облысында да іске асырылуда. Бүгінде Түпқарған ауданында қуаты 42 МВт болатын жел электр станциясының құрылысы жүріп жатыр. Ауданда бікітің 95 метр, әрқайсысының қуаты сағатына 160 мВт болатын 17 жел дірмені салынады. Бұл облысты электр қуатымен толық қамтамасыз етуге жеткілікті.

▶ АӨК: МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

### ОЗЫҚ ТӘЖІРІМЕМЕН БӨЛІСТІ

Етті бағыттағы мал өсірумен айналысатын Түркістан облысының Сайрам ауданындағы Қарабұлақ ауылының шаруалары бүгінде өз өнімдерін еліміздің ірі қалаларымен қатар, Өзбекстанға да ірі көлемде жөнелтіп отыр.



Жақында бір топ мақтааралдық шаруалар республика бойынша етті мал өсіруде алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың бірінен саналатын Қарабұлақ ауылында іс-сапармен болып, озық іс-тәжірибеммен танысып қайтты. Іс-сапарға себепкер болған ауыл шаруашылығы министрінің Түркістан облысы бойынша өкілі Тұрсынбай Бердалиев мақтааралдық шаруаларға қарабұлақтықтардың тәжірибесі туралы жан-жақты түсіндіріп, осындай ірі мал шаруашылығын Мақтааралда да құруды қажеттігін айтты.

Мақтааралдықтар жеке кәсіпкерлер Әлімжан мен Бахтияр Шалықұловтардың «Шош» шаруа қожалығындағы ірі қарны бордақшылау кешеніне болды. Аумағы 70 соттық жерді алып жатқан кешенде мал бордақшылау қажетті жағдайдың бөрі жасалған. Кәсіпкерлер ірі қараны етін Жамбыл облысы, Алматы қаласы мен Өзбекстанға базарға нархынан 50-100 теңгеге арзанға сатуға жатқанын, сондай-ақ жергілікті ет озу орындары да өнімді жоғары бағамен сатып алатынын айтты. Сондықтан өнімді өткізуде қиыншылық жоқ деп айтуға болады.

Кешен құрылысымен, малы бағын-қуту жайымен танысып, өз сауалдарына нақты жауап алаған мақтааралдық шаруалар шараны ұйымдастырушыларға ризашылық білдіріп, Қарабұлақтың үлгісімен ірі мал шаруашылығын құруды көздеп отырғандарын айтты.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

▶ АӨК-ТІ ДАМУ

## Базалық шаруашылықтан — цифрлық фермаға

Еңбек өнімділігі мен өндiлген ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттың артуы мiндетi көп дәрежеде агроөнеркәсіптік кешендi цифрландыру есебiнен жүзеге асатыны белгi. Бұл бағытта қолға алынған нақты шаралар саладағы негiзгi көрсеткіштердi әдәуір жақсартуы тиiс.

БОТАҒӨЗ ӘБДІРЖАҚЫЗЫ

Дамыған елдер тәжірибесі мемлекет фермерге оның қызметінің барлық кезеңінде қолдау көрсететінін алға тартады. Мысалы, Түркияның фермерлерді тіркеу жүйесінде 2 миллион фермер бар болса, олар қаржыландыру бойынша жеңілдіктер, мемлекеттік қолдау туралы тұрақты ақпарат алып отырады. Яғни, цифрландыру фермер қызметі басталғаннан — өнімді сатуға дейінгі барлық іс-әрекетті жеңілдету үшін қажет. Осы тұрғыда АӨК-ті цифрландыру процесінде жылдам онлайн-қарыз беру, ауа райын талдау және боқамдау, өсімдік өнімін жоспарлау, баға мониторингі мәселелері бойынша Канада, Түркия, Австралия, Германия, АҚШ секілді елдердің табысты тәжірибесін пайдалану көзделген. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегінеше, АӨК-ті цифрландыру аясында жалпы республика бойынша кем дегенде 20 цифрлық және 4 мың ілгері фермалар құрылады және процестер мен мемлекеттік қызметтерді 100% автоматтандыру қамтамасыз етіледі. Автоматтандыру фермер үшін қызметті бақылау кезеңінде ақпарат жинаумен, кенес алумен, оқытумен бай-



ланысты келергiлердi шешедi. Мұның iшiнде онлайн-оқыту, кенес беру жүйесiн дамыту фермердiң уақыты мен шығындарын азайтуға мүмкiндiк бередi. Автоматтандыру процесi сондай-ақ несиедер мен кепiлдіктерге арналған өтiмiлдi қамтиды. Бұл шаруаның жол жүру шығындарын азайтады, өтiмiлдi уақытында қарауды бақылауға мүмкiндiк туғызады. Онлайн-несиелендiру бойынша пилотты жоба келер жылдан бастап толық автоматтандырылып, көктемгi егiстiк жұмыстары кезеңiнде онлайн-несиелендiру жүргiзiлетiн болады. Сонымен қатар автоматтандырумен өндiрiс кезеңiнде фермерге субсидия алу, агрохимиялық талдау, ғарыштық мониторинг, нақты метео деректер кезеңiнде келесiдерiн келергiлер де жойылады.

Қазiргi күнi нақты егiншiлiк элементiнiң бiрi болып табылатын

танаптардың электронды карталарын құру аясында 23,7 млн гектар жер цифрландырылған. Еліміздегі аграрлық университет Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды және Қостанай облыстарындағы 9 пилоттық шаруашылықта нақты егіншілікті қолдануды талдау үшін техниканы мүмкіндіктерін тексеріп, тыңайтқыштарды дифференциалды енгізуді іске асырды, электронды өріс картасын құрды, топырақтың агрохимиялық талдауын өткізді, егістіктердің арамош беру карталарын құрастырды. Фермерлерді жаңа технологияларды қолдануға үйрету «Қаскелең» агропаркі, А.Бараев атындағы астық шаруашылығы, «Заречный» ЖШС және Қазақ ұлттық аграрлық университетіндегі нақты егістік полигондарының негізінде жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ жайылымдардың электрондық карталарын жасау жоспарланған. Ендігі

кезекте нақты шаруа қожалықтарын анықтап, оларды ет және сүт бағытындағы цифрлық фермалар деңгейіне дейін дамыту қажет.

Қазiргi сәтте субсидиялаудың 17 бағыты бойынша тыңайтқыштарды сатып алуға субсидиялау толық автоматтандырылған. Өтiнiштердi қарастыру мерiмiн қысқартып, сабылмас жемқорлық тәуекелдерiн азайту үшін бұл процесс қалған барлық бағыттарда да жүзеге асуы тиiс. Жыл соңына дейiн егiстiк және етiн жинау жұмыстарын жүргiзу үшін дизель отынның электронды тарату бойынша Павлодар облыстық әкiмдiгiмен бiрлесiп онлайн-өтiмi беру арқылы пилоттық жоба жүзеге асырылады. Ал келер жылы жобаны барлық жергiлiктi атқарушы органдар енгiзу көзделiп отыр. Бұдан бөлек, алдағы жылы iске қосылатын Е-Кооперация порталы кооперативтер туралы мiлiметтер базасын құрып, фермерге кооператив қызметiн талдауға, шығындарын азайтуға мүмкiндiк бередi. Өнiмдердi өткiзуге келсек, автоматтандыруды енгiзу бұл салада логистика жөнiнде ақпараттың, бос қамбалар мен қоймалардың, қалағалы жүйесiнiң болмауы сияқты көптеген проблемаларды реттейтiн болады.

Тұтастай алғанда, Агроөнеркәсіп кешені дамытудағы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жоспарланған іс-шаралар есебінен жалпы ішкі өнім өсімі 3 трлн астам теңгені құрайды. Ондағы агроөнеркәсіп кешені цифрландырудың әсері — 30% немесе шамамен 1 трлн теңге.

# БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

## ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, аз-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры  
e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

### Қуат көздері тиімді пайдаланылады

«Судан да сұрауы бар», дейді халық даналығы. Иә, бар болғанда қандай. Мәселен, қаза байлықтарға кенде көріліссіз Қырғызстанның нақ осы суды тиімді пайдалануға, су энергетикасына қатысты ұстанған саясаты мемлекет қазынасына қомақты қаржы түсіреді. Бұл аталған жәйт шикізат ресурстарын саудалауға ден қойып отырған біздің елімізде де тікелей қатысты. Осы орайда қолға алынып жатқан шаралар өз жемісін беруде. Мәселен, солтүстік өңірде темір рудасын, орталықта таскөмір, шығыста түсті металдар, батыста мұнай мен газ өндіру үдерісінде заманауи технологияларды қолдану тиімділікті арттыруға бағытталып, өнім ысырабын кемітуге мүмкіндік беріп отыр.

Койнауы толы қазына Қазақстан өз қолы өз аузына жетіп, бөлек отау тіккеннен бері шикізат өндірісі сөлеп артты, соның ішінде негізгі қуат көзі болып табылатын көмірсутекті ресурстарды өндірі есеінен астам өсті. Ал, әлемдік экономикада бұл көрсеткіш мөлшері 1,3 есе төңірегінде. Жер байлығы ел байлығына айналдырып, оны ұлгіртүрмен, өңдеп, көзде асырумен айналысатын еліміздің отын-энергетикалық кешені тіпте тиек етіліп отырған отын-энергетикалық мен электр энергетикасын біріктіреді. Отанды өндіру көлемінің ішкі тұтынудан бірнеше есе асып түсуі кешеннің бүгінгі таңдағы басты ерекшелігі болып отыр. Негізгі міндетіне халықты, шаруашылықтың барлық салаларын жүйелен, жарықпен қамтамасыз ету үшін энергияның әр түрін өндіру және сыртқа шығару жатып бұл кешен отын өндірісін, оны өңдеу, тұтынушыларға жеткізіп беру барысында елді мекендерді ұлғайту, олардың тұрғындарын жұмыспен қамту санды бірсыдырғы әлеуметтік мәселелердің де түйінін тарқатып, ел байлығын сөлеусеу қал-қадеріне қол үшін беріп келеді. Қуат көздерін ұтымды да тиімді пайдалану өз кезегінде еңбек өнімділігін арттыруға да септігін тигізуде. Елімізде ядролық отын-энергияны, қоныр көмірдің және кокстелістің таскөмірдің пайдаланылмағанды және барланған қорларды жеткізіліп, сондай-ақ күн және жел энергиясының сарқылмайтын көздері бар. Ал, бүгінде мұнай-газ, мұнай-химия өнімдеріне деген сұраныс жылдан-жылға артып келе жатқандықтан, отандық энергия қуаттарын өндіру саласындағы қошбасшылық мұнай-газ өнеркәсібіне тиесілі. Көмірсутектердің мол қорына не еліміз әлемдік энергия ресурстары нарығының қалыптасуына өзіндік әсерін тигізіп отыр. Табиғат сыйлаған осынау артықшылықты бағанды ету үшін шаруақорлықтан ауадай жақеттілігі өзіннен-өзі түсінікті.

Міне, сондықтан да елімізде бұл орайда технологиялық үдерістерді жетілдірумен қатар саланы құқықтық реттеу де қолға алынған. Кезінде қабылданған «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» «Магистральдық құбыр туралы», «Мұнай өнімдерінің жекеден түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы», «Газ және газбен жабықтау туралы», «Атом энергиясын пайдалану туралы», «Электр энергетикасы туралы», «Жанарғыштар энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» республика заңдары және «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытуды 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» санды бірқатар бағдарламалық құжаттар отын-энергетикалық кешенді олар өндірісінде қолдайды. Атап айтқанда, электр энергетикасы бойынша қуаттарды жаңғырту және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру есебінен республиканың энергия қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өнеркәсіптің энергия тиімділігін арттыру, электр және жылу желілерінде ысыраптар дегеніне төмендету, электр және жылу энергиясын өндіруде үлестік шығындарды кеміту, тұрғын үй секторында жылуды тұтынуға азайту, қуат үнемдеу және тиімділігін арттыру саласында қаар даярлау, халық арасында энергияны үнемдеуді насихаттап отыру сөз болады, сондай-ақ электр энергиясын мен қуаттың көтерме сауда нарықтарын өркендету, ұзақ мерзімді кезеге тарифтер бекіту қарастырылды. Мұнай-газ өнеркәсібіне геологиялық барлауға инвестициялар тарту және мұнай өндіруді технологиялық тұрғыдан тиімді және мұнай өнімдерінің түйінді түрлеріне, моторлы отын мен жанар-жағармай материалдарына ішкі сұранысты толық қамтамасыз ету, мұнай өндіуді және мұнай өнімдері нарығын дөлейткі ырықтандыру, халықаралық бірлестіктерге кіріруге жәрдемдесу, газ өңдеу технологиялары мен инфрақұрылымын өркендету, сұйытылған табиғи газ пайдалануды жетілдіру, Солтүстік Қазақстан өңірін газ тасымалдау құрылымымен қамтамасыз ету, шалғайдағы аудандарды газдандыру, қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімдерін ала отырып, газды қайта өңдеудің жоғары қайта бөлінуіне қол жеткізу санды міндеттерін шешімін табу көзделді. Көмір өнеркәсібінде шикізаты тереңдетілген қайта өңдеу технологияларын дамыту, көмір газын пайдалану жөнінде инфрақұрылым тұрғызу, отын өнеркәсібінде уран өндіру көлемін арттыру және өткізу арналарын кеңейту, уранды байыту бойынша кәсіпорандарды жоюлық қауіпке қалтау шығару, ядролық отын өндірісін ұйымдастыру жоспарларын іске асыру, отын электр стансаларын салуға қатысты жобаларды пысықтау, елімізде отын саласын дамыту үшін ғылымды көп қажет етілетін өндірістер мен ғылым-зерттеу орталықтарын құру, бұл орайда саланы қосып қадарлармен қамтамасыз ету ала қойылған. Бұлартайтын статистика деректері қолға алынған осынау ұнағайыр жоба-жоспарлардың іс жүзіне асырылып жатқанын көрсетіп отыр.

## ШОЛУ

# Бағалар өсімі баяулаған

Өткен жылдың күзгі қарбастан сабақ алған шенуіңдер сонда жіберген қателіктеріңіз қорытынды шығарған сыңайлы. Құлдырап көтерілген жағармай бағасы мен көмірдің құны, картоп бағасы да халықтың жадында, билік өкілдері әжептәуір абыр-ап, бағаларды әуірімден қалыпқа келтіргеніңіз әлі ұмыта қойғанымыз жоқ. Сайып келгенде, бағалар өсуінің 2017-ші жылға қарағандағы көрсеткіші көздікідей төмендеп, жылдық инфляция 5,3%-ға дейін төмендеген.

### ИСАТАЙ КАМБАРОВ

2017 жылы нақ осы қазан айында бағалардың мейлінше секіруі – 1,2% өсімі байқалған болатын. Сол кезде азық-түлік тауарларының кейбір түрлері 18%-дан астам қымбаттап, жағармай мен көмір бағалары да айтарлықтай өсіп кеткен еді. Сондықтан да билікке бұл жолы осындай секіруді болдырмай, жылдық инфляцияны төмендету үшін бар күшті жұмылдыруға тура келді.

Айта кету керек, бұл міндетті олар табысты орындай алды да: қазанның қорытындысы бойынша инфляция 0,4%, 2018 жылдың 10 айында – 3,7% (2017 жылдың осындай кезеңінде – 5,4%) құраған. Жылдық инфляцияға (соңғы 12 айдағы тауарлар мен қызметтер бағасының өсуі) қатысты айтар болсақ, ал қыркүйек айының қорытындысы бойынша 6,1%-дан 5,3%-ға дейін төмендеген.

Бұл Ұлттық банк белгілеген мақсатты дәліздің төменгі табалдырына жақын.

Ал, 2018 жылға басқарушы алға қойған міндеттердің бірі – инфляцияны 5-7% ауқымында ұстау.

### АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚЫМБАТТАҒАНЫМЕН, ОНША АУЫР ЕМЕС


2017 жылдың қазанында Қазақстанда азық-түлік тауарлары 1,3%-ға өсіп, оған айтарлықтай деңгейде жеміс-көкөніс өнімдеріне бағалардың

өсуі қатты әсер еткен болатын. Картоптың құны бір айда 20,7%-ға, қияраға – 28,8%, қызанаққа – 18,4% артып кетіп еді. Бұдан басқа 8,6% жұмыртқа да қымбаттаған-ды.

Жұмыртқа қазір де қымбаттауда, оның үстіне айтарлықтай серпінімен – қазан айында 6,7%-ға. Ал, көкөніске баға қымбаттаған емес, тіпті қыркүйекте арзандай түскен: сол картопқа – 7,5%-ға, сабізге – 18,4%-ға, пиязға – 11,1%-ға, қызылшаға – 12,7%-ға. Осының арқасында өткен айдағы азық-түліктің инфляция, бұдан бір жыл бұрынғыдан айтарлықтай төмендеп – 0,3%-ды құрапты.


Бір жағынан алғанда, бұл соңғы

Кейбір азық-түлік тауарлары бағаларының индексі (Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша, %-бен)



### 2-инфографика

Кейбір азық-түлік емес тауарлар мен қызметтер бағаларының индексі (Статистика жөніндегі комитеттің мәліметтері бойынша, %-бен)



жарты жылдағы ең жоғары көрсеткіш – азық-түлік тауар айынан бері дәл осылай шұғыл өспепті.

### ЖҰМЫРТҚАМЕН ҚОСА, КАНТҚА ДА БАҒА ӨСКЕН

Тәтті қанттың бағасы 0,4%-ға артса, құс еті (3,1%) де, құнағасы майы (2,1%) да, тары (1,6%) да қымбатқа сатылған (1-инфографика). «Азық-түлік еместерге» де баға жел-дел қымбаттауда. Емтер жылы қазан азық-түліктік тағамдарға ғана емес,

бағалардың жағармайға, дизельдік отынға және көмірге қымбаттауымен де есте қалды. Тауарлардың жетіспеушілігі аясында олардың бағалары, осығыз да зырылдаған инфляцияны содан бетер құлдыратқан болатын. 2018 жылғы жаңдай өзгерек, дейді сарапшылар, бұл да инфляцияға оңды әсерін тигізіп отырған сияқты. Жағармай (бензин) соңғы бір айда 0,1%-ға арзандаған, ал 2017 жылдың қазанында 7,9%-ға өсіп кеткен еді. Дизельдік отын 1%-ға қымбаттаған, былтырғы 5,8%-ға қарағанда, шұқір

деміз. Қатан отынның бағасы, бұдан бір жыл бұрынғы 6,1%-ға қарағанда, 1,1% ғана төмендепті.

Нәтижесінде азық-түліктік емес тауарлардың құны 2018 жылдың қазанында 0,7%-ға өсіпті, бұл бір жыл бұрынғыдан 1,2%-ға аз деген сөз. Бағалардың кейбір санаттарында да шұғыл секірулер бола қоймапты: бас киімдер мен құдік/қыстық аяқ киімдерге маусымдық өсім, тісінше, 1%-ды және 1,1%-ды құрапты.

Тұрмыстық тоқыма бұйымдары 1,4%-ға, сұйытылған газ – 1,1%-ға қымбаттаған. Сонымен қатар коммуналдық қызметтер бағасы азлап төмендеген: ыстық су 0,2%-ға арзандапты, электр энергиясы – 1,5%-ға, газға баға – 0,1%-ға арзандаған.

### ҚЫЗМЕТТЕР ҚҰНЫ ДА ОНША ӨСПЕПТІ

Был бұлардың құны – 0,2% құраған екен (былтыр 0,3% болған). Бәрінен де көзге түсерліктей әуе-және теміржол билеттері (тісінше 1% және 1,2%), ритуалдық қызметтер (1,2%) және денсаулық сақтау қызметтері (0,5%) қымбаттап кеткен. 2018 жылғы қазан айында ақылы қызметтердің өсiсшiясы ба арзандамапты (2-инфографика).

## СЫРТҚЫ ФАКТОР

# 2018 жылғы 26 қазан – 2 қараша аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*


2018 жылғы 2 қарашадағы саудасаттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір АҚШ доллары үшін бір апта ішінде 0,8%-ға әлсіреп (368,54-тен), 371,31 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 26 қазаннан 2 қараша аралығында маңызды оқиғалар Англия Банкінің ағымдағы ақша-кредиттік саясатты сақтау туралы шешімінде, ФРЖ мен Англия Банкінің монетарлық саясат және экономикалық тұрақтылыққа қатысты түсініктемелері, кейбір компаниялардың маусымдық есептерін жариялауымен байланысты қор нарықтарының құбылмалығы және Қытай мен АҚШ арасындағы сауда-саттық мәселелер бойынша келісімдерге ықтимал қол жеткізу туралы түсініктемелері және АҚШ халқының жұмыспен қамтылуы туралы экономикалық деректердің жариялануы болды. Аталған факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда біршама құбылмалығына әкелді.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының\*\* АҚШ долларына қарағанда серпін мынадай түрде қалыптасты:

• Мексика песосы құны 13 млрд. АҚШ дол. болатын жана әуежай құрылысына аламырдың 70%-нан астамы қарсы дауыс берген референдумның нәтижелерінің аясында 3,4%-ға (19,36-ден 20,01-ге дейін) әлсіреуін жалғастырды. Одан басқа, Fitch агенттігі елдің төуелсіз рейтингін жоспарланған реформалардың, атап айтқанда энергетика секторында іске асыру мүмкін еместігіне сілтеме жасай отырып, «тұрақтыдан» «жағымсызға» қайта қарауды жүзеге асырды;

Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, % (2018 жылғы 26 қазан – 2 қараша)



Дамушы елдер валютасының серпіні (19 қазан 2018–100, индексінің өсуі – валютаның нығамы)



• Бразилия реалы 1,9%-ға (3,64-тен 3,74-ке дейін) әлсіреді. Валюта нарығында Бразилия президентінің сайлауын қорытындылары бойынша айтарлықтай нығайғаннан кейін валютаны түзетулер байқалды;

• Ресей рублі АҚШ үкіметінің Ресейге қарсы санкцияларының

агенттігінің талдаушысы Кристин Линдунду қаражаты қарызға алуға төмен жақеттілік Ресейдің позициясын тұрақты етеді. Мысалы, агенттіктің түсініктемелерін ескере отырып, сарапшылар Ресейге қарсы санкцияларға қарамастан, елдің төуелсіз рейтингінің көтерілуін күтеді;

• Үндістан рупиясы Үндістанның Қаржы министрі А.Джетлиндің Орталық банкінің шешімін қабылдаған кезде үкіметтен төуелсіздігі туралы мәлімдемесінің аясында 0,4%-ға (73,47-ден 72,44-ке дейін) нығайды;

• Индонезия рупиясы ұлттық валютаны олар өзі әлсіреден қорғау, сондай-ақ фискалдык тапшылықты қысқарту туралы жан жобасын мақұлдау аясында реттеушінің жан құрал – жеткізіліміс форвардтық келісімшартты (NDF) өңдеу аясында 1,7%-ға (15 217-ден 14 955-ке дейін) нығайды;

• Оңтүстік Африка рэнді Орталық банк өкілдерінің келесі екі жыл ішінде инфляцияның өсуін тежеу үшін қатан монетарлық саясат жүргізуді жалғастыруы туралы мәлімдеуінің аясында 2,1%-ға (14,60-тан 14,34-ға дейін) нығайды;

• Түрік лirasы экономиканы валюталық күйзелістерден кейін қалпына келтіруге бағытталған салықтық жеңілдіктер топтамасын енгізу туралы мәлімдемесіне қарамастан, 2,9%-ға (5,59-дан 5,43-ке дейін) нығайды. Талдаушылардың қауіпін байланысты салықтардың төмендету инфляцияның өсуіне қосымша күш болуы мүмкін.

\* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздерінде негізінде атта сайын дайындайды;

\*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатпалатын дамушы елдердің валюталары.

**БИЗНЕС&ҚОҒАМ**

ТУҒАН ЖЕР

> [1]

Өйткені 2002 жылғы Ембінің жағдайы 1988 жылғыдан көп нашар көрінді. Сонда: «*Бұрынғы көргенім айналайын екен*», — дедім. Дегенмен, «*Эмба: территория отчаяния*» деген мақала жазылып, «Мегалполис» газетінің сол жылғы 20-нөмірінде жарияланды. Содан мәселенің түйінін тарқататындай бір үзінді келтіре кетейін: «*Жителі Эмбы есть, отчего приходится в отчаяние. Города как такового уже нет. Он худо-бедно сохранился до тех пор, пока Эмба оставалась райцентром. Несколько лет назад центр Мугоджарского района, который поведерся укрупнению в рамках очередной административно-территориальной оптимизации, был переведен в Канадалы. Эта мера фактически явилась последним ударом по городу. И не стало ни районных учреждений, ни общественных организаций, ни магазинов, ни кинотеатра, ни клубов...*». Басқаша айтқанда, мен



Суретте: Мәдени орталық

# Соңғы 30 жылда Ембі қандай өзгерістерді басынан кешті?!

сол жолы қаладан көніл жұбатарлық ештеңе көрмедім. Бірақ өмір бір орнында тұрмайды, уақыт тоқтап қалмайды. Жаңа кезең жаңа өзгерістер әкеледі-ау деп күтесін.

Сондай үмітпен мен 2005 жылдың басында өзімнің кіші отаным тақырыбына тағы бір қайтара ден қойдым. Осы тұста жазылған «*Район Эмбы еше не запыл...*» деген мақалам «Central Asia Monitor» газетінің сол жылғы 1-нөмірінде жарық көрді. Онда қалада сол кезде қалыптасып жатқан жағдайға мынадай суреттеме берілген болатын: «*А в Эмбе, в отличие от Эмбы-5*

*этого города. До него отсюда также всего несколько десятков километров. Там, на территории одного из совхозов Мугоджарского района, центром которого тогда являлась Эмба, в начале 80-ых г.г. было открыто нефтегазовое месторождение Жанажол. В прошлом казалось, что у города большие перспективы. Но оно не оправдалось. И все же не все, кажется, так безнадежно. Потому что хочется надеяться. Ничего другого не остается. Да, прежние надежды не сбылись. Но прошло время, и у эмбевцев появились новые надежды».*

— Орал» магистральлік газ құбырының №13 компрессорлық станциясына дейін жаңа құбыр тартуды жоспарлап қойған.

Арада көп ұзамай, «Экономика» (қазіргі Tenge Monitor) газеті дүниеге келді. Оның алғашқы нөмірі 2006 жылдың желтоқсан айында жарық көрді. Ал «Экономиканың» 2007 жылдың ақпан айында шыққан 3-і нөмірінде біз газетіміздің тілшісі И. Камбаровтың Ембінің сол кездегі әкімі Н.Металиевпен жүргізген сұхбатын жарияладық. Өңгіме қаланың сол кездегі жағдайы мен жай-күйі туралы тақырыптың айна-

*Шыңдығында, кешегі Кеңес Одағы кезінде құруар күшпен салынған көрішлес өзбек ағайындардың газды өлкесі Бұқарадан солтүстіктегі көрішлеріміз ресейлік Орынборға (одан әрі Еуропа асып тартылған) жөңкіген газ құбырының іргесінен санаулы шақырым жерде отырып, «көздір отынның» қызығын көре алмағандар біздің сорымыз бес елі еді. Осынау баршамызды толғандырған ауыр жағдай жақында ғана оңы иешімін тауып, дәл қазір «у» деп, көңілімізді біршама орнықтырған жайымыз бар. Білікті басшымыз облыс әкімі Елеусін Наурызбайұлы Сағындықовтың өзінің тікелей басамасымен жуырда ғана сол іргеміздегі «көздір отын» магистральінен құбыр тартылып, газды бөлетін арнайы пункт салынды. Сөйтіп, одан қаламыздағы №3 орта мектептің жылыту қазандығына тиісінше жол тартып, жалған та қойдық. Ал оның енді қаланың мұнан да басқа әлеуметтік маңызы бар жұмарттары мен жалпы тұрғын үйлеріне жаппай жалғастырылуы аздағы наурыз айынан бастап қолға алынбақым.*

*Ендігі мақсатымыз — құбырларды көше-көшелерге тартып, әрбір отбасының өз үйіне газ кіртізуді ұйымдастыру. Сонымен 2007 жылы қаламыздың шығыс бөлігі толығымен газға қосылатын болды. Бұл үшін облыс бюджетінен 360 миллиондай теңге қаржы бөлінеді деп белгіленген. Нәтижесінде 2008 жылы қаланың темір жолдың арғы бетіндегі (батыс) бөлігін де толықтай газдандыруды аяқтау көзделген.*


*Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету де бұрынғыға қарағанда оңды иешімін тауып келеді. Қолданыста болған су құбырлары, көшелерде орнатылған колонкалар желісінің ақаулы бөліктерін жөндеу қолға алынған...*

*Иә, үшінші маңызды мәселе — жұмыссыздық — жайлы айтар болсақ, оны екі тұрғыдан бағалауға тура келеді. Бірінші жағынан, Ембіден айналасы 60 шақырымдық аймақта бірнеше мұнай скважинасы жұмыс істеп тұр. Бұған қосымша соңғы бірнеше жылдар аумағында ғана мұнай өнеркәсібінің өрісті дамуы әсерінен қаламыздан қашық емес аумақтарда бірнеше мұнай мен газ өңдейтін шағын зауыттар іске қосылды. Ал, өздеріңіз білесіз, мұнай кәсіпшілігімен айналысқандар тап-тәуір өбекақы алады».*

*Сол 2007 жылдың желтоқсан айында отыз корпоративтік көшбасшы қатарына кіретін Ақтөбе облысындағы алты жобаның бірі — үшінші Жанажол газ өңдеу зауытының 2 миллиард текшеметр газ өңдеу ешталған және инвестициялық салымы 47 миллиард теңгені құрайтын бірінші кезегі (екінші кезегі 2015 жылдың сәуірінде, үшінші кезегі 2016 жылдың маусымында пайдалануға берілі) іске қосылды.*

(Жалғасы бар)

Ахас ТАЖУТОВ,  
Алматы — Ембі — Ақтөбе — Алматы



Суретте: Осыдан отыз жыл бұрын салына бастаған, бірақ аяқталмай қалған теміржол бойындағы көпір

*или Жема, где сейчас пытаются обособить жилье, как и прежде, от котельных установок, издавна приняты отоплять дома в зимний период углем. Хоть от этого города до газопровода «Бухара-Урал», проложенного еще в 60-ые г.г. прошлого века, всего несколько десятков кило-*

метров, газобого топлива там как не было, так и поныне нет. К востоку от Эмбы расположена одна из его компрессорных станций — КС-13. Природного газа полно и к западу от

ласында өрбеген. Сонда қала басшысы тілшінің «*Біздің білуімізше, Ембі қаласында жергілікті халықтың көңілін алаңдатқан 3 мәселе болған еді. Оның бірі — ауыз су, екіншісі — газ, үшіншісі — жұмыссыздық. Осы маңызды мәселелердің бүгегі таңдағы иешімін табуы қандай*



Суретте: Ембідегі көп қабатты үйлер

на дейін ұзындығы 86 шақырым болатын теміржол тартуға міндеттеме алған. Және сонымен қатар «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» Жаңажолдағы газ өңдеу зауыттарынан «Бұқара

деңгейде?» деген сұрағына мынадай жауап берген: «*Сұрағыңыздың ауябайын аңғардым. Сондықтан алдымен біз үшін ең отыр салалатын газ мәселесіне тоқталайын.*

деңгейде?» деген сұрағына мынадай жауап берген: «*Сұрағыңыздың ауябайын аңғардым. Сондықтан алдымен біз үшін ең отыр салалатын газ мәселесіне тоқталайын.*

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

► ЖОЛДАУҒА-КОЛДАУ

**БІРНЕШЕ ЖЫЛДАН СОҢ АЯҚТАЛМАҚ**

Еліміздің инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Роман Скляр Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта жөндеу жұмыстары 2022 жылға қарай аяқталатындығын жеткізді.

— Қазіргі таңда Орталық-Оңтүстік, Орталық-Шығыс және Орталық-Батыс дәліздерін жөндеу сәуелік принцип бойынша іске асып жатыр. Орталық-Оңтүстік дәлізін қайта жөндеу жұмысына тоқталар болсақ, 1291 шақырымға созылған жолдың құрылысы 2013 жылы басталған болатын. Дәліз толығымен алғашқы техникалық категорияға өтеді. 2013-2017 жылдар аралығында Астана-Теміртау (171 шақырым) және Алматы-Қапшағай (104 шақырым) учаскелерінде қозғалыс ашылды. Осы жылы Теміртау-Қарағанды (14 шақырым), сондай-ақ Қарағандыны айналдыр өту (47 шақырым) және Күрті-Бұрылбайтал (228 шақырым) учаскесі ашылды. Сонымен қатар, қараша айында Балқаш – Бұрылбайтал жолын тегістеу бойынша келісім жасалмақ. 2019 жылдан бастап Қарағанды – Балқаш (363 шақырым) және Күрті – Қапшағай (67 шақырым) учаскелерін қайта жөндеу басталады. Жалпы, жобаны аяқтау 2022 жылға жоспарланып отыр, — делі Роман Скляр.

Вице-министрдің сөзіне қарағанда, бүгінгі таңда ұзындығы 905 шақырымды құрайтын Орталық-Шығыс дәлізі бойынша Астана-Павлодар (200 шақырым) және Павлодар-Семей-Қалбатау (204 шақырым) учаскелерінде қозғалыс ашылған. Биылғы жылы 500 шақырым жолға жұмыстар жүргізіле бастады. Оның 239 шақырымы биыл аяқталса, қалғаны 2019 жылы қолданысқа беріледі деп күтіледі.

Елбасы Н.Назарбаев халыққа жолдаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауында «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» бағдарламаларының 2025 жылға дейін ұзартуды тапсырғаны белгілі. Осы тұрғыла Р.Скляр 2020 жылға дейін атқарылатын жұмыстар нәтижесінде қосымша 4 600 шақырым жол салынып, жөндеуден өтетіндігін атап өтті.

► ӘЛЕУМЕТ

**ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ЖӨНДЕЛЕДІ**

Атырау қаласында 2011-2020 жылдарға арналған термомоңғарту бағдарламасының іске қосылғандығы белгілі. Осы мақсатта шаһар басшысы Әлімұхаммед Құттымұратұлының қатысуымен өткен жылда бағдарлама шеңберінде 110 көп қабатты тұрғын үйге жөндеу жүргізілетіндігі мәлім болды.

Қазіргі уақытта қаладағы сегіз үйге күрделі жөндеу жұмыстары жасалып болған. Құрылысқа қажетті қаражат жергілікті бюджеттен қарастырылған. «Тұрғын үйлерге коммуналдық қызмет көрсету» ЖШС-нің директоры Зұлқаидиа Нәубековтің айтуынша, қайтарылған қаражат есебінен қаладағы төрт үйге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар, қалалық мәслихаттың соңғы сессиясында қабылданған шешімге сәйкес, жергілікті қазынадан бөлінген қосымша қаражатқа тағы үш үйді ретке келтіру қарастырылған. Олар - Ғұмаров көшесіндегі 88 үй, Авангард 3 ықшам ауданындағы 6 үй мен Қожақас көшесіндегі 29 үй. «Алдағы жылдың тізіміне 40 баспананы енгіздік. Қайта жаңғыртуға жасакталған 20 үй мемлекеттік сараптамадан өтуде. Оларға күрделі жөндеу жұмыстары 2020 жылы аяқталды деп жоспарланып отыр», — делі З.Нәубеков.

Жинн сонында қала әкімі Ә.Құттымұратұлы термомоңғарту бағдарламасы аясында жүргізілетін жұмыстарға жауапты органдарға өз міндеттерін дұрыс орындап, сапалы нәтиже күтетіндігін ескертті.

► ШАРА

**КӨСПІКЕРЛЕР БАС КОСТЫ**

Астанада әлеуметтік кәсіпкерлердің қатысуымен тұңғыш форум өтті. Жылна мемлекет және партия тарапынан осы салаға қолдау көрсетудің түрлі нұсқалары көрсетіліп, талқыланды.

Биыл «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы кәсіпкерлікке қолдау көрсету қанесінің жұмысын тағы бір қарап шықты. Сонымен қатар, қанес мүшелеріне өзгерістер енгізіп, табысты, ынтылау кәсіпкерлерді бірлесіп еңбектенуге шақырды. Осы кенес аясында әлеуметтік кәсіпкерлердің алғашқы форумын ұйымдастыру бастамасы да қолға алынған болатын. Нәтижесі жаман емес. Әлеуметтік кәсіпкерлік қызметі Еуропа мен Ресейде, сондай-ақ әлемнің бірнеше елдерінде жаксы дамыған. Мәселен, форум барысында тәжірибелі кәсіпкерлер өз ісін енді бастаған жастарға ақыл-кеңестері мен қаржылай көмек көрсетуге әрқашан әзір екендіктерін жеткізді, — дейді партияның Астана қалалық филиалы төрағасының орынбасары В.Сергеев.

Бүгінде еліміздің бас қаласында 50-ге жуық әлеуметтік кәсіпкерлер тіркелген. Ата-ана қамқорлығынан айрылған жасөспірімдер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды жұмысқа орналастыру барысында әлеуметтік кәсіпкердің жасап жатқан еңбегі ерен. Олардың әлеуметтік және экологиялық мәселелерін оңтайлы шешу жағы да осы саланың мамандарына жүктелген.

Мақалал САҒЫНДЫҚ

МӘДЕНИЕТ&SPORT

АГРОКЕШЕН

«Алтын бидай» шаруашылығының мерейтойы тойланды

Батыс Қазақстан обласы, Зеленов ауданына қарасты Алтын бидай шаруа қожалығы 2003 жылы құрылған. Қоғалық жетекшісі Бекболат Құспанұлы Мұқашев кәзіргі кезде 40-ка жуық адамды жұмыспен қамтып отыр. Шаруашылық егін егін, құйбағыс-екпелі шөптерге қоса омарташылықпен айналысып, тұтынушыға таза бал жеткізеді.

РАФХАТ ХАЛДЕЛОВ

2018 жылы егін өру науқанын апталған ыстық пен қуандылыққа қарамай 734,5 гектар жерден күздік бидайдан орып, әр гектарына шаққанда 25,5 центнерден

өнім алса, құнбағыс 1197 гектардан 16,2 центнерден өнім алды. «Алтын бидай» шаруашылығы құрылғанына 15 жыл толу науқанының сапалы аяқталды. Осыған орай шаруашылық жетекшісі Бекболат Мұқашев «Алтын бидай» шаруашылығының қызметкерлеріне рахметін айтты.

Мерейтой күні шаруашылықтың дамуына, өркендеп өсуіне үлес қосқан, диқаншыларына, ұжымда көптен жұмыс жасап келе жатқан еңбек ораттарына, ақшалай қосымша бағалы сыйлықтармен марапатталды. Асқар Сәбитұлы Ахмұлдинге құрметті жұмысшы атағы мен 650000 теңге, смартфоны табыстаса, он жылдан бері

шаруашылықтың механизаторы Қайрат Омаровқа Еңбек ардагері белгісі, бағалы сыйлықпен қоса 200 000 теңге ұсынылып, Базартай Уәлиханұлы Хасановқа да осындай марапат табысталды. Арон Таутұлы Ескалиевқа, Өтеу Орынғалиұлы Рахметовке, Қайрат Жүнісұлы Рахмушевке, Қайрат Кабдіровке алғыс жарияланды, бағалы сыйлықпен қоса 200 000 теңге табыстасы. Шаруашылықтың қоймалықшысы Михаил Георгиұлы Сарапуловке 870 тонна бидай, 550 тонна темекі жинағаны үшін телелдiар мен 200 000 теңгеге ие болды, ұжымның барлық еңбеккерлері ақшалай, бағалы сыйлықтарға ие болды.



Шаруашылық 2003 жылы Зеленов ауданынан 4451 гектар жер беріліп құрылған, содан бері егін шаруашылығымен айналысып келеді. Еңбекті ескі Беларусь, ДТ-75, Т-4 тракторларымен, ескі СК-5 комбайнларымен, дала жұмыстарын бастаған. Шаруашылық жетекшісі Мұқашев Бекболат Құспанұлы техника паркін жанартып, К-744, Джон Дир, алып тракторларымен қоса тирма, зиянды жәндіктермен арам шөптерге қарсы ұлағаш құралдарын, бес Вектор қоймабының мен үш камаз автокөлігі, шаруашылыққа қажетті соңғы шыққан әр түрлі техникалармен толықтырды. Диқаншыларға арнайы жатықана, тұрақты үй салып, алынған өнімді жауын шашынға тигізбей, оқпау алаңдарын жанадан салып бітірді.

Өңір тынысы

Түркістан қаласында қытайлық «Golden camel» атты түйе мен биенің құрғақ сүті өндіретін зауыт іске қосылды. Бұл жоба Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 60-шы қадамында сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту міндетін іске асыру аясында қолға алынған болатын.

НУРЛАН ҚУМАР

Өңірдегі сүтті дайындау жөнінде ауыл шаруашылық кооперацияны дамытуға серпін беретін зауыттың жал-



РУХАНИЯТ

Шығыс әлемі – әдебиеттің айнасы

Алматыда «Шығыс әдебиеті және өнері» халықаралық баспа компаниясында дөңгелек үстел өтті. Шараны ашылу рәсімінде баспаңы бір жылда шығарған 11 кітабы көрсетілгенге таныстырылды.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Аталмыш баспа компаниясының бас редакторы Гүлнұр Юсупбаева сөз алып, атқарылып жатқан жұмыстар жайлы өз ойын ортаға салды. «Елімізде тұңғыш ашылған «Шығыс әдебиеті және өнері» халықаралық баспа компаниясы Қытайдан бастау алып отырған ежелгі Жібек жолы бойындағы елдердің тарихы мен мәдениетін қазак оқырманына таныстырып келеді. Аза уақыт ішінде әдебиет, мәдениет, өнер, тарих, философия, экономика салаларының дамуына елеулі еңбек сіңірген, аса зор жетістіктерге қол жеткізген көрнекті ұлт тұлғаларының еңбектерін жарыққа шығарып келеміз. Олардың қатарында Лин Хайшунның «Жібек жолы: археологиялық зерттеулері», Жун Синцизинның «Духунантану туралы он сегіз дәріс» сияқты таным тұрғысынан құнды еңбектер бар. Сонымен қатар казак әдебиетінің көрнекті шығармаларын, тарихи ғалымдарымыздың таңдаулы еңбектерін, қазақтың салт-дәстүрі мен өдет-ғұрпына байланысты көрнекті этнографтардың еңбектерін басқа тілдерге аударып, кітап етіп шығару мәселесі де ойда бар», — деп Гүлнұр Қыранбайқызы.

құрастырушылары Цин Юйцай, Чжоу Гунин, Ло Вэйдуң. Қазақ тіліне тәржімаланған Болау Гули және Дана Алтынбекқызы. Аталған бастама Халықаралық деңгейдегі «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасының аясында қолға алынған ауқымды шаралардың бірі. «Бір белдеу – бір жол» хрестоматиясы – білім беру тұрғысынан алғанда пән ретінде де, жалпы оқырман көзқарасымен келгенде – елінің де, ғаламын да әлеуметтік-саяси тыныс-тіршілігіне бейжай қарай алмайтын әрбір жанға географиялық та, саяси да, тарихи-экономикалық жағынан да аса мол, жан-жақты мағлұмат көзі бола алады. Танымық еңбек Жібек жолы бойындағы елдердің мақсат-мұраттарын ескере отырып, әрбір халықтың өз мүддесін қорғауына және ұлттық тарихы мен құндылықтарын жал-

«Шығыс әдебиеті және өнері» елімізде ашылған отырған алғашқы халықаралық баспа компаниясы. Компанияның алдына қойып отырған мақсаты – Қытайдан бастау алып отырған ежелгі Жібек жолы бойындағы елдердің тарихы мен мәдениетін Елдік еліне таныстыру. Осы уақытқа дейін зерттеушілер өз тарихымызды зерттеу үшін өзге елдің мұрағатына рұқсат ала алмай кінділсе, енді уақытта дұрыс еңбектерді пайдалану арқылы зерттелмей жатқан құнды деректерге қол жеткізе алады. Компанияның білікті редакторлары әзірге осы жағына басымдық таптырып отыр. Алдағы уақытта әлем елдері әдебиетін қазақ тіліне аударып қана қоймай, қазақ әдебиетін шетел тілдеріне аударуды компания қызметкерлері жоспарлап отыр.



Шығыс әдебиеті және өнері халықаралық баспа компаниясының орнынбасары Нұрғиса Сахов: «Бұл халықаралық деңгейдегі бағдарлама болғандықтан, жобаны қытай елі қаржылаптырып отыр. Біз осы мүмкіндікті тиімді пайдалануымыз керек. Тек қана қытай елі емес, Жібек жолы бойындағы басқа елдердің танымал тұлғаларына басқа тілде сөйлету ісін қолға алады. Алдағы уақытта жоба аясында еліміздің терен тарихы мен бай мәдениетінен сыр шертетін қазақ тіліндегі құнды еңбектері басқа тілдерге аударып, жарыққа шығаруды көздеп отырмыз» деп ол.

Жалпы компания алғашында яғни, 2016 жылы Кыргыз Республикасының Бішкек қаласындағы «Чыгыш адабияты және искусство» ЖШК құрамында болған. Онда казак редакторларымыздың белсенділігін арқасында баспа қана казак тіліндегі бірнеше кітаптар дайындалып, басылды шықты. Әрине, өткен еңбекті қазақстандық оқырмандарға ұсыну мәселесі алғашында көңілден шыға келді. Сонылықтан, «Шығыс әдебиеті және өнері» ЖШС деген атаумен 2017 жылдың күзінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеліп, биылғы жылдың басында өз жұмысын бастап кетті. Ашылғанына аза уақыт болса да, бірнеше кітапты өзге тілден тәржімалап, тұсауына жасап ұтырды. Жалпы алғанда еліміздегі баспа ісі саласындағы халықаралық алғашқы компания болып саналып отыр. Осыған қарап аталмыш баспа компаниясының болашағы кемел болатындығына кәміл сенеміз.

Шұбат өндеу цехы ашылды

пы құны 7 миллиард 456,5 миллион теңгеге құрылды. Зауыт толық қуаттылығына енгенде тәулігіне 100 тонна түйе және жылқы сүтін қайта өндір, өнімнің ұнтағын шығаратын болады. Жоба бойынша алғашқы кезеңде 170 адам жұмыспен қамтылмақ.

Түркістан облыстық әкімдігінің қолдауымен аталған қаспорына 5,5 гектар жер телімі бөлініп, мемлекет есебінен инфрақұрылым бойынша барлық жағдай жасалған. Алдағы уақытта «Golden Camel Group LTD» компаниясының басшылығы осында түйе және жылқы шаруашылығымен айналысуды да көздеп отыр.

«Golden Camel Group LTD» ЖШС-нің бас директоры Янг Жи дүниежүзі бойынша түйе сүтін деген сұраныс жоғары екендігін атап өтті. «Жобаны біз Түркістан қаласында жүзеге асырдық. Мұнда әкімдік пен ауыл шаруашылығы министрінің тарапынан қолдауға ие болдық. Сонымен қатар барлық мәселені премьер-министрдің орынбасары мен Қытайдың бас консулының басшылығымен талқыладық», — дейді Янг Жи мырза.

Зауыт брэндіде те тіркеп, тиісті сертификаттың бәрін алып үлгерген. Өзінің пайдалы қасиетін жоғалтпасты түйе сүті тоназдықта сақталып, сауыла салысымен нестлеуден өтетін көрінеді. Бұл жобаға 7 миллиард теңге жұмсалған, соның ішінде 98 пайызды қытайлық инвестицияның

үлесінде. Өндіретін өнімнің басым бөлігі Қытай, Өзбекстан және Кыргызстанға экспортталады. Түркістан облысы үшін бұл зауыттың жана жұмыс орындарының ашылуы, салық түсімі, жалпы аймақты дамыту тұрғысынан алып қарағанда, маңызды зор. Себебі, Қытай тарапының жоспарында тек ферманы өркендету ғана емес, алдағы уақытта йогурт пен консерві шығару да бар. Құрал-жабдықтын бәрі көрсіліс Қытайдан жеткізіледі.

Зауытта алдағы уақытта жобаға сәйкес 125-тен астам адам тартылуы тиіс. Дәл қазір мұнда 85 адам жұмыс істейді. Қытай жұмысшылары құрылыс кезінде ғана атсалдырды. Өндірісте жергілікті шаруа қожалықтарының шикізаты пайдаланылады. Бұл үшін қаспорына 45 шаруа қожалығымен келісімге келген. Олар Түркістан мен Түркістан облысының барлық аудандарынан сүт жеткізіп тұрады. Аталмыш зауыт тәулігіне 100 тонна құрғақ сүт өндіруге қауқары бар. Бұндай көлемде өнім өндіру үшін 29 мың түйенің сүті керек. Ал жылдық өндіріс көлемі 2,5 мың тонна деп жоспарланды. Мәселен, бір тонна құрғақ сүт өндіру үшін 16 тонна жана сауылған сүт керек. Қазір сүттің бір литрін зауыт 430 теңгеден сатып алады.

Зауыт басшысы Янг Жи Қытайдан құрғақ сүттің бір келісі 140 долларға сатылатынын атап өтті. Жергілікті билік те өз тарапынан осы жобаны дамытуға қызу қолдау көрсетіп жатыр. Бүгінде ұсақ қаспорындарда 5 түйе болса, олар 10-20 түйеге дейін сатып

алады. Сөйтпін өз қаржысын осы салаға құяды. Ен бастысы, зауыт өніміне сұраныс бар. Сондықтан да тау арада отандық нарыққа қоса, шетел нарығын жаулайтынына сенім мол.

Аталмыш зауыт құрғақ шұбатты өндіруді бірінші орынға қойып отыр. Өйткені өнімде май қышқылды аз А және В дәруменге бай кальций, калий, темір, магний, цинк, фосфор бар. Осыған байланысты құрғақ шұбатқа сұраныс жылдан-жылға артып келеді. Қытай ғалымдарының соңғы зерттеулері бойынша бұл өнім инсулиннің төмендеуіне, қан құрамындағы кант көрсеткішінің қалыпты болуын қамтамасыз етеді. Көптеген мемлекеттерде аталмыш ауру аллергия, асқорыту, лактоз ауруына шалдыққан адамдарды емдеуге қолданылады. Шұбатпен салыстырғанда құрғақ сүттің құрамында С дәрумені мен темір 10 есе көп. Онда май мен холестерин аз болғандықтан адам денсаулығына пайдалы. Сонымен қатар қытайлық компания Түркістанда түйе сүтінен косметикалық заттарды, консерві мен сүт өнімдерін қайта өндеу бойынша инвестициялауды жоспарлап отыр.

Осылайша Түркістандағы «Golden camel» атты түйе мен биенің сүтін өндіретін зауыттың болашағы жарқын. Халықтың денсаулығын жақсартуды көздеп отырған өнеркәсіптің басшысы Янг Жи көптеген иелістерді жүзеге асыруды көздеуде. Болашақта шетел нарығында шығатын қазақстандық өнім әлемге танымал болатындығына кәміл сенеміз.

ҚАЗАК ГАЗЕТТЕРІ  
Күршілді және шаруашылық «ҚАЗАК ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің арнайы сервистіңі

ТЕНГЕ MONITOR  
Бас редактор АКСАТҚУЛОВ  
Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА, Өзгөзге ӨЗДІРЕКІЙҚЫЗЫ, Мақпал САҒЫНДЫҚ, Исағай ҚАМБАРОВ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ  
АЛШАНОВ Рамхан, ӘБДИМАНАПОВ Сарсенали, ӨШІБЕР Әли, БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай, ГЛАЗОВСКИЙ Петр (Польша), ІСПОЛТОВ Төлкеш, ҚАЛИЕВ Ғани, НУРСЕЙІТ Айтқали, САҒАДИЕВ Кенжеғали, САЛТАБАЕВ Әбдіжарар, САТЫБАЛДИН Сағандық, СӨТІЛОВ Серік, ТӨЛІТІЛОВ Әбісәліғал, ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан, ХАМЗИН Жанпейір

Тапсырыс: 1242. Тел: 273-5000.  
Газетті айтпаса 1 рет шығанды. Газет «Дүбір» РТБК ЖШС-ңа басылады. Алматы қаласы, Ш. Қардәзқов көшесі, 17 үй. Тел: 273-1204.

Мекен-жайы: 050013, Алматы қаласы, Жетісбай ауданы, 175-А қабат, 463-Бөкей (Толық) тел: 272-8794. 404-Бөкей (Бас редактор) тел: 267-36-34 факс: 272-86-11. E-mail: kazzagazeta@mail.ru www.kazzagazeta.kz